



АСЫРА СІЛТЕУ МЕН АСЫҒЫСТЫҚ

6-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



АЛАЯҚТЫҢ АРБАУЫНА ТҮСПЕҢІЗ!

8-БЕТ | САРАПТАМА



ҰЛТТЫҚ АСПАПТАР МУЗЕЙІ КЕРЕК ПЕ?

9-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Ресей – Қазақстанның негізгі сауда-экономикалық серіктесі. Екі елдің тауар айналымы 2023 жылдың бастапқы 10 айында 21,4 миллиард доллар болды. Өйтетін жөні де бар, біздің шекарамыз құрлықтағы ең ұзын шекара саналады. Ғылым-білім және мәдени-гуманитарлық саладағы қарым-қатынасты нығайтуға әрдайым айрықша мән беріледі. Биыл орыстың ұлы ақыны Александр Пушкиннің туғанына 225 жыл толады. Бұл – Ресей ғана емес, Қазақстан үшін де маңызды оқиға.

№23
(4611)
Сенбі
24 ақпан
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



МӨЛШЕРЛЕМЕ ТӨМЕНДЕДІ

Ұлттық Банктің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені 14,75%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады.

Қаңтарда жылдық инфляцияның төмендеу үрдісі жалғасын тапты. Инфляция үш ай қатарынан баяулап келеді. Жылдық инфляция 2024 жылғы қаңтарда 9,5%-ға дейін баяулады. Бұл Ұлттық Банктің болжамына сәйкес келеді. 2024 жылға инфляция болжамы 7,5-9,5% аралығында, 2025 жылға 5,5-7,5% шегінде сақталды. 2026 жылы инфляция 5-6% шегінде болжанып отыр.

Қазіргі параметрлерге сәйкес, Қазақстан экономикасының 2024 жылы өсу болжамы 3,5-4,5%-ға дейін көтерілді. Ал 2025 жылға болжам 5,5-6,5% аралығында болмақ. 2024 жылғы экономиканың өсуі іскерлік белсенділік жағдайының жақсаруына байланысты ішкі сұраныс есебінен қамтамасыз етіледі.



CHATGPT ҚАЗАҚША СӨЙЛЕДІ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жасанды интеллект ҒЗИ ғалымдары ChatGPT чат-ботының қазақ тіліндегі отандық баламасын жасап шығарды.

Университет ғалымдары мемлекеттік тілдегі жасанды интеллект жүйесін 5 айдың ішінде әзірледі. ChatGPT чат-ботының қазақстандық үлгісі үлкен көлемдегі деректерді талдай алады, сұрақтарға жауап береді, мәтіндер құрай алады. Қазақ тілінің барлық морфологиялық және синтаксистік ережелерін біледі. Бүгінде IT саласындағы ғалымдар мен мамандар жобаның техникалық және серверлік мүмкіндігін нығайтып, одан әрі дамытуды жоспарлап отыр.

ЖАС ӨРКЕННІҢ ОЙ-ӨРІС ЖАРЫСЫ

Астанада оқушылар арасында робототехникадан Central Asia FIRST халықаралық чемпионаты басталды. Аталған бәсекеде Қазақстаннан және көрші елдерден қатысушылар өздерінің инновациялық жобаларын ұсынады. 23-25 ақпан күндері әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында өтіп жатқан сайыста биыл әлемнің 5 елінен 3000-нан аса қатысушы бақ сынаиды.

САНСӨЙЛЕМ

ҚЫС МЕЗГІЛІНІҢ БАСЫНАН БАСТАП ЕЛОРДАДАН 372,5 МЫҢ РЕЙС АРҚЫЛЫ

5 000 000

ТЕКШЕ МЕТРДЕН АСТАМ ҚАР ШЫҒАРЫЛДЫ



АУЛАНЫ АБАТТАНДЫРАДЫ

17 бір мандатты округ бойынша сайланған депутаттарға елорданың 5 ауданының әрқайсысы бойынша аула аумақтарын абаттандыру жоспарлары таныстырылды.

Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті. Мысалы, «Нұра» ауданында биыл 14 аула абаттандырылады, сондай-ақ Ж.Омаров және Ш.Айтматов көшелері ауданында 2 қоғамдық кеңістік құрылады.

«Халықтың бюджетке қатысуы» жобасы аясында тұрғындар аулаларында қандай құрылыс нысандары болатынын өздері жоспарлайды. Жобаға қатысу үшін өтінімдер 23 қаңтардан бастап 1 наурызға дейін қабылданады.



ОРТАЛЫҚТАР ҚҰРЫЛДЫ

Еліміздің 20 колледжінде «Business startup» студент орталықтары құрылды.

Бұл – жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту мен өз бизнес-идеясын жүзеге асырғысы келетін студенттерді қолдаудағы маңызды қадам. Олар тәжірибелі тәлімгерлерден дәріс алады. Жоспарға сәйкес, 2028 жылға дейін республика бойынша колледждерде осындай 100 орталық құрылады. 97 мемлекеттік колледж қазірдің өзінде өздері өндірген тауарларды сатуға шығаруда. Бұл оларға өз бетінше табыс табуға мүмкіндік береді.



«БОЛАШАҚТЫҢ ОЙЫНДАРЫ» ҚАЗАҚСТАНДА ӨТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Болашақтың ойындары» халықаралық турнирінің ашылу рәсіміне қатысты. Президент ресми мінберден «Болашақтың ойындары» турнирінің салтанатты ашылу рәсімін тамашалады. Ресейдің мемлекеттік әнұраны орындалғаннан кейін Владимир Путин жарысты ашық деп жариялады.

Қазақстан Президенті турнир қатысушыларына сәттілік тіледі.

«Құрметті Владимир Владимирович, ең алдымен, Сізге зор ризашылық білдіргім келеді. Бұл – бірегей ойын. Дүниежүзінде мұндай ойынның баламасы жоқ. Баршаңызға сәттілік тілеймін. Келесі ойынды Қазақстанда өткізейік» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан президенттері киберспортшыларға ізгі тілектерін жолдады. Содан соң жарысқа қатысушы мемлекеттер туларының шеруі өтті. «Фиджитал-концепцияға» негізделген турнирдің форматы физикалық бел-

сенділікті, заманауи технология мен цифрлық ортаны ұштастырады.

Шоу барысында спорт, стратегия, тактика, технология, жылдамдық секілді 5 топқа біріктірілген сайыс түрлері таныстырылды. Ойындардың бағдарламасына классикалық спорт түрлері мен олардың 21 цифрлық баламалары бойынша гибриді спорттық жарыстар енгізілген. Ұйымдастырушылардың мәліметі бойынша турнирге 100-ден астам елден 2 мыңға жуық киберспортшы келген. Қазақстанның ойыншылары мен командалары спорттың 13 түрі бойынша сайысқа түседі. Жалпы бұл турнирге еліміздің 48 өкілі қатысады.

Салтанатты ашылу рәсімінен кейін Татарстан астанасына келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен басқа елдердің президенттері «Болашақтың ойындары» халықаралық мультиспорт турнирінің негізгі шаралары өтетін «Қазан Экспо» кешенін аралап көрді. Экскурсия барысында қонақтарға Dota 2 конгресс-залы, арт-нысандар, «Фиджитал-зертхана» көрсетілді, сондай-ақ дене шынықтыру мен киберспортты (physical + digital) біріктіретін инновациялық «фиджитал-қозғалыстың» ерекшеліктері таныстырылды.

Алаңдардың бірінде Қазақстан Президенті «Футбол достыққа жол ашады» бағдарламасына қатысатын жас спортшылармен әңгімелесті. Халықаралық команданың құрамында «Астана» футбол клубында жаттығатын 10 жастағы Жан Әли Ермағамбетов те бар. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда балалар спортына мемлекет тарапынан тұрақты қолдау көрсетілетінін атап өтті.

РЕСЕЙ БАСШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазан қаласында алғаш рет өтетін «Болашақтың ойындары» халықаралық турнирінің ашылу рәсіміне шақырғаны үшін Ресей Президентіне алғыс айтып, бұл бірегей сипаттағы шара екенін атап өтті.



«Шын мәнінде, «Болашақтың ойындары» – IT интеллект пен спорт ұштасқан бірегей формат. Біз мұнда мықты команда әкелдік. Жақсы нәтиже көрсетеді деп үміттенеміз. Жалпы Қазақстанда IT секторы дамып келеді. Біздің өз ойындарымыз бар. Халықаралық деңгейде жарыстар өткіземіз. Ресей Федерациясы дер кезінде қолға алған осы бастаманы жалғастыру үшін келесі «Болашақтың ойындарын» біздің елімізде ұйымдастыруды ұсынамын» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресей арасындағы екіжақты қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

«Бұл – біздің жаңа жылдағы алғашқы кездесуіміз, Владимир Владимирович. Біз бәріміз Ресейде 17 наурызда өтетін президент сайлауын күтіп отырмыз. Түпкілікті нәтиженің ойдағандай боларына күмәніміз жоқ. Өйткені Ресей Сіздің беделді басшылығыңызбен таңқаларлық табысқа қол жеткізіп келеді. Шын мәнінде, Сіз өз мәлімдемелеріңізбен, іс-әрекетіңізбен жаһандық күн тәртібін қалыптастырасыз. Бұл біздің ынтымақтастығымызға және Сіздің былтыр қараша айында Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапарыңыз кезінде қол жеткізілген уағдаластықтардың орындалуына оң ықпалын тигізетіні сөзсіз. Менің ойымша, қос тарап, екі елдің үкіметтері аталған уағдаластықтарды табысты жүзеге асырып жатыр.

Қазірдің өзінде нақты нәтиже бар» деді Қазақстан Президенті.

Өз кезегінде Владимир Путин «Болашақтың ойындары» турнирінің ашылу рәсіміне қатысқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, Ресей тарапының Қазақстанмен стратегиялық серіктестікті одан әрі күшейтуге бейілді екенін растады.

«Спорт қандай да бір саясаттан тыс болуы керек, сондай-ақ халықтарды жақындастыруға тиіс. Мен мұны бірнеше рет айттым, тағы да қайталағым келеді. Бүгінгі турнирге жүзден астам елден, нақтырақ айтқанда, әртүрлі континенттің 104 елінен көптеген қатысушы келді. Диджитал-спортқа және нағыз дәстүрлі спортқа қызығушылық танытатын жастар қатысып отыр. Ал екіжақты қатынастарға келер болсақ, байланыстарымыз аса маңызды барлық сала бойынша нәтижелі дамып келеді. Былтыр біздің делегацияның Қазақстанға сапары сәтті болды. Біз алдағы даму бағыттарын айқындадық. Әріптестерім маған энергетика, инвестиция және өңірлердегі жұмыстардың қазіргі уақытта қалай жүріп жатқанын баяндайды. Мұның бәрінде жалпы екі ел, жекелеген аймақтар және тұтас салалар үшін өзара мүдде көзделеді» деді Ресей Президенті.

Сонымен қатар екі ел басшылары өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде пікір алмасты.

112 ЕЛДІ МЕКЕНГЕ ГАЗ ЖЕТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Санжар Жаркешовті қабылдады. Президентке ұлттық компанияның былтырғы атқарған жұмысының есебі беріліп, алдағы кезеңге арналған жоспары таныстырылды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа ауқымды инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылу барысы, Қашаған газын өңдеудің жаңа бағыттары, сондай-ақ газ саласына 12 миллиард доллар көлемінде инвестиция тарту мәселесі жөнінде баяндалды.

Санжар Жаркешовтің айтуынша, «QazaqGaz» компаниялар тобы өңірлерді дамыту үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы бар ірі газ құбырларын тартып, іске қосқан. Олардың құны 400 миллиард теңгеден асады.

Мемлекет басшысына елімізді газбен қамту жұмыстары туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, 11 өңірдегі 112 елді мекен газға қосылды. Нәтижесін-

де қосымша 213 мың тұрғын табиғи газбен қамтамасыз етілді. Компания былтыр ішкі нарықтағы газ бағасын субсидиялауға 175 миллиард теңге бөлді. Сонымен қатар «QazaqGaz» ҰК» акционерлік қоғамы табиғи газды экспорттау және тасымалдау жөніндегі міндеттемелерін толық орындап отыр.

Бұдан бөлек, Президентке жаңа «Анабай» газ кен орнын пайдалануға беру,

сондай-ақ газдың ресурстық базасын дамыту жұмыстары жөнінде ақпарат берілді. Қабылданған шаралардың арқасында еліміздің ішкі нарығына газ жеткізу көлемі 19 пайызға ұлғайды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа берілген мәліметке сәйкес ұлттық компания ауа райы күрт суытып, газ тасымалдау жүйесіне шектен тыс жүктеме түскен кезде ішкі нарықтың сұранысын толықтай өтеп, тұрғындарды көгілдір отынмен үздіксіз қамтамасыз еткен.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы газ саласын кешенді түрде дамытуға, соның ішінде ішкі нарықты газбен тұрақты түрде қамтуға, ресурстық базаны кеңейтуге, аталған саланың өзекті мәселелерін шешуге және оның инвестициялық тартымдылығын жақсартуға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

ПРЕЗИДЕНТКЕ ЕСЕП БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық Сот төрағасы Эльвира Азимованы қабылдады. Кездесуде Президентке жоғары конституциялық бақылау органының қызметі туралы мәлімет берілді.

Мемлекет басшысына былтыр Конституциялық Сотқа бес мыңнан астам өтініш, оның 99 пайызы азаматтардан келіп түскені жөнінде баяндалды.

Эльвира Азимованың айтуынша, азаматтар өз өтініштерінде сот актілеріне, лауазымды тұлғалар мен судьялардың іс-әрекеттерінің заңдылығына, қылмыс-

тық жазаның түрлері мен шарттарына, қылмыстық қудалау кезінде адам құқықтарының сақталуына, еңбек және әкімшілік-құқықтық қатынастарда құқықтың қорғалуына қатысты мәселелерді көтерген.

Конституциялық соттары бар мемлекеттердің бәріне тән негізгі ұстаным

– азаматтардың конституциялық сот төрелігіне жүгінуін шектемеу және қаржылық кедергілерді алып тастау. Осыған орай, Мемлекет басшысы былтыр желтоқсан айында Конституциялық Сотқа жүгінген кезде төлейтін мемлекеттік баж салығын нөлілік мөлшерлемеге дейін төмендетуді қарастыратын заңға қол қойды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа конституциялық іс жүргізу аясында азаматтарға кепілді заң көмегін беру шарттары, сондай-ақ құқықтық мониторинг пен заң шығару

қызметі шеңберінде Конституциялық Сот қабылдаған шешімдерді және сот практикасының шолуын ескеру туралы ұсыныстар қазіргі уақытта Парламент Мәжілісінің қарауында жатқаны баяндалды.

Мемлекет басшысына берілген мәліметке сәйкес былтыр 558 құқық нормасы тексеріліп, нәтижесінде 29 нормативтік-құқықтық актіге өзгерістер енгізу жөнінде кеңес берілді. Конституциялық Сот Қылмыстық-процессуалдық, Салық кодекстерінің және бірқатар заңның жекелеген нормаларын қайта

қарау жөнінде ұсыныстарын берді. Бүгінде Үкімет пен уәкілетті органдар аталған ұсынымдардың 16 пайыздан астамын орындады.

Президент Конституциялық Соттың 2023 жылы атқарған жұмыстарының қорытындысын бағалай отырып, аталған органның құрылуы және оның қызметі қолайсыздықтан жүздеген шақырым жолды қар басып, қозғалыс шектелді. Әсіресе Шыңжаң ұйғыр автономдық ауданында күн қатты суып кетті. Елдегі ірі деген туристік-курорттық нысандар жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды. Мұндай суық Шыңжаңда бұрын-соңды болмаған.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Оңтүстік Кореяда «Біз жастардан кем емеспіз» деп жұлқынып тұрған 150 зейнеткер бір топқа бірігіп, жастар секілді көшеде рәп айтуға кірісті.

Алды танылып үлгерген. YouTube-тағы бейнежазбалар қаралымы 100 мыңға жуықтап қалды. Бұл елде қазір әр бесінші тұрғынның жасы 65-тен асқан. 2022 жылғы есеп бойынша әлемде жасы 65-тен асқан 771 миллион қария бар. Бұл – жер шары халқының 10 пайызы.



Жер бетінде мұнай өндіретін тағы бір ел пайда болды.

Жыл аяғына дейін Сомали алғаш рет «қара алтынның» нарыққа шығарғалы отыр. Шикізатты игеру бойынша америкалық компаниямен келісімшарт жасалған. Геосейсикалық зерттеу Сомали жерінде көлемі 30 миллиард баррельге жететін мұнай мен табиғи газдың барын көрсетті. Шикізатты барлау жұмысы 7 теңіз блогында жүргізілді.



Қытайда аяз рекордтық деңгейге жетті.

Көрші елде ауа температурасы -52 градусқа дейін төмендеді. Ауа райының қолайсыздықтан жүздеген шақырым жолды қар басып, қозғалыс шектелді. Әсіресе Шыңжаң ұйғыр автономдық ауданында күн қатты суып кетті. Елдегі ірі деген туристік-курорттық нысандар жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды. Мұндай суық Шыңжаңда бұрын-соңды болмаған.

ӨРТКЕ ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Кеше елордадағы «Керуен» сауда-ойын-сауық орталығында «Қауіпсіз сауда» республикалық акциясы аясында Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің ұйымдастыруымен адамдар көп шоғырланатын орындарда өрт қауіпсіздігін сақтау жөнінде ауқымды алдын алу іс-шарасы мен өрт-тактикалық оқу сабағы өткізілді.



Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

Сағат таңертеңгі 9:15-те сауда-ойын-сауық орталығының екінші қабатында шартты түрде арнаулы штаб құрылып, ғимараттан адамдарды шұғыл сыртқа шығару, яғни эвакуация басталды.

Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік өрт бақылау

басқармасы басшысының орынбасары Анар Рүстемованың айтуынша, мұндай оқу-жаттығу сабағы қалада айына бір-екі рет өтіп тұрады.

– Қазір қалада өрт шығу оқиғалары көбейіп отырғаны алаңдатады. Оның адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға және материалдық құндылықтарға орны толмас зиян келтіретіні белгілі. Сондықтан осындай өрт қауіпсіздігін сақтауға байланысты

тактикалық оқу-жаттығу сабақтары жоспарлы түрде жүргізіліп келеді. Шаһардағы ірі сауда орындарының бірі – «Керуенде» осындай іс-шара өтіп, оған жеке құрамның қызметкерлері мен арнаулы жасақ қатысты, – деді ол.

Басты мақсат – өрт шыққан кезде адамдардың өздерін ұстауы мен үрейге бой алдырмай, жоғары қабаттан баспалдақ арқылы түсіп, тез сыртқа шығу. «Эвакуация, тез сыртқа шығындар!» деген бұйрық кезінде сауда орталығындағы 150-ге тарта адам санаулы минутта сыртқа шығып үлгерді. Ал іште өртті сөндіру үшін су, көбік, көмір қышқылы, инертті газ, құм, ұнтақ және брезент, киіз, асбест сияқты түрлі жапқыш құралдар қолданылды.

«Тұрмысқа керек заттарды алайын деп ертемен «Керуен» сауда орталығына кіре қойып едім. «Өрт шықты, тез баспалдақпен түсіп, сыртқы есікке беттендер!» дегенде абдырап қалдым. Жалма-жан төмен түсіп сыртқа шықсам, оқу-жаттығу екен. Көңілім орнына түсті. Дұрыс, қазір өрт көбейіп кетті. Сондықтан сақтанып, бәріне сақдай сай болғанға не жетсін!» дейді қала тұрғыны Айнагүл Бишаева.

Сондай-ақ бұл күні елордалық Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлері өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау мәселелеріне байланысты қаладағы хостелдерге жоспардан тыс тексеру жүргізді.

ЖАС ӨРКЕННІҢ ОЙ-ӨРІС ЖАРЫСЫ

Индира
БЕРЖАНОВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Олардың қатарында Гонконг, Біріккен Араб Әмірліктері, Қырғызстан және Өзбекстанның мықты робототехниктері бар. Ал Қазақстанның намысын іріктеу чемпионаттары барысында жолдама ұтып алған 200-ден астам команда қорғайды. Оның ішінде Астана қаласынан 37 команда қатысты.

Дәстүрлі түрде өтетін жарысқа Астана қаласының Білім басқармасы, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы және «USTEM Foundation» қоғамдық қоры ұйытқы болды. Ұйымдастырушылардың дерегіне сәйкес, мектеп оқушылары 6-10, 10-16 және 12-18 – үш негізгі жас санаты бойынша бағы мен бабын сынайды. Чемпионатта, құлтемірлер ойынынан басқа, инновациялық жобалар байқауы мен төрешілер сессиялары қамтылады.

USTEM Robotics қорының басшысы Асылбек Мурзахметовтің сөзінше, чемпионат дарынды жастарды анықтап қана қоймай, робототехниканы дамытып, робот жасаудың халықаралық стандарттарына жақындатуға мүмкіндік береді.

«Быылғы маусым тақырыбы – креативті индустрия. Командаларға инженерлік қабілетін ұштастыра отырып, осы саладағы мәселелерді шешуге бағытталған жобалар ұсыну талап етілді. Чемпионатқа қатысып жатқан топтың бірі кинооператорларға арналған экзоскелет жасаса, енді бірі суретшілерге арналған көмекші құралдарын әзірлеген. Жарыс мақсаты тек жаңа жобаларды жасау ғана емес, сондай-ақ қоғамдағы өзекті мәселелерді анықтай алатын толыққанды білімді оқушылар қатарын тәрбиелеу көзделген. Қорытынды



бойынша да қоғамға ең пайдалы жоба ұсынған топ жеңімпаз атанады» деді спикер.

«Халықаралық деңгейдегі робототехника чемпионатының дәстүрлі түрде елордада өтіп жатқаны қуантады. Қазақстанда инженерия және робототехника салаларын дамытуды мақсат еткен жобалар жемісін береді деген сенімдемін. Бұл балалардың барлығы – жаңа технологияларды дамытып, елдің дамуына үлес қосатын болашақ IT мамандар, инженерлер мен ғалымдар. Техникалық білімді алуға ұмтылатын жастар Қазақстанның өркендеуіне ықпал ететіні сөзсіз. Инженерлік көзқарас барлық жерде болуы керек, оның арқасында инновациялық өнімдер пайда болады» деді «Дарын» республикалық-ғылыми практикалық орталығының басшысы Ғажденбек Тұрсынов.

Дүбірлі додаға Астана қаласының «Astrobot» робототехника мектебінің екі

командасы қатысып, 6-10 жас санаты бойынша өз жобаларын таныстырды. Олардың қатарында инженер-конструктор тобының қатысушысы, 7 жасар Әлимансұр Серік бар.

«Достарыммен бірге сайысқа дайындалған жобамызды әкелдік. Командада төрт адамбыз. Достарым бағдарламалаумен айналысады, ал мен құрастырамын. Біз робот-шаңсорғыш жасадық. Себебі қазір адамдардың қоршаған ортаны ластанып, қоқыс тастайтыны мәселеге айналды. Осыны шешуге арналған жобамызбен біз мақтанамыз. Өз басым робототехникадан өтетін жарыстардан қалмауға тырысамын» деді жас өнертапқыш.

Чемпионат жыл сайын әртүрлі тақырыпта өтеді. Өнер тақырыбы аясында өтетін сайыс нәтижесі бойынша жеңімпаздарға халықаралық жарыстарға қатысуға жолдама және қазақстандық әрі шетелдік жоғары оқу орны грантын алуға мүмкіндік беріледі.

Жапон ғалымдары әлемдегі дәстүрлі ғарыш аппараттарынан ерекше, миниатюралық ағаш спутникті жасап шығарды.

LignoSat зонддың атауын алған туынды магнолия ағашынан жасалған. Ол Халықаралық ғарыш стансасының бортында жүргізілген эксперимент кезінде мұқият тексерілген. Магнолия ағашы ерекше тұрақтылыққа ие және қатты селкідеуге төзімді. Құрылымы осы жазда іске қосылады деп жоспарланған.



Әлемдегі ең ұзын ер адам мен ең қысқа әйел АҚШ-тың Калифорния штатында кездесті.

Олардың бойындағы айырмашылық 183 см-ден де артық. 41 жастағы Сұлтан Косен Түркияда дүниеге келген. Ал Үндістаннан келген 30 жастағы Йоти Амгэнің бойы орташа 2 жастағы баладан сәл қысқа. Оған хондродистрофия диагнозы қойылған. Екеуі де ерекше қырымен 2011 жылы Гиннесстің рекордтар кітабына енді.

Бас қалада атқарылуы тиіс басым бағыттың бірі – тұрғын алаптарды құжаттандырып, аулаларды абаттандырып, спорт алаңдарын салу. Мәслихат депутаттарына «Железнодорожный» тұрғын алабының паспорты таныстырылды.

ТҰРҒЫН АЛАП ПАСПОРТЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Соңғы 6 жылда атқарылған жұмыстар және 2024-2025 жылдың жоспары туралы ақпарат берілді. Барлығы 5 құрылымдық бөлімшеден 20 көрсеткіш жиналып, енгізілді.

– Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы, Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы мен Құрылыс басқармасы өз құзыреті шегінде атқаратын жұмыстарды ұсынып, таныстырды. Мәселен, нөсер кәрізі, шаруашылық-тұрмыстық және телефондандыру желісі, тротуарлар, жол инфрақұрылымын салу, Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы тұрғын алаптарда ҚТҚ үшін кон-

тейнерлер орнату туралы ақпарат берді. Ал Алматы ауданы әкімдігі жарықтандыру тіректерін орнату, ескі ағаштарды санитарлық кесуге жауапты. Бір мандатты округтер бойынша сайланған депутаттардың жұмысына арналған цифрлық картаға тұрғын алаптар тұрғындарының проблемалық мәселелері енгізіледі, – деді мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов.

Жеке үйдің паспорттыңда учаске және ондағы құрылыс туралы мәлімет көрсетіледі. Яғни мекенжайы, жылжымайтын мүлік түрі, кадастрлық нөмірі, нысаналы мақсаты, тұрғын үй алаңы және тағы басқасын қамтиды.

ЖОЛДА ЖҮРУ ЕРЕЖЕСІН САҚТАЙЫҚ!

Астана қаласы Полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының міндетін атқарушы Ержан Әділбеков брифингте жолдардағы қауіпсіздіктің жай-күйі туралы айтты.

5-29 ақпан аралығында «Қауіпсіз жол» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында полицейлер 11890 жол ережесін бұзушылықтың жолын кесті.

«Көлікті мас күйінде басқарғаны үшін 70 жүргізуші ұсталды, апаттық жағдай жасағаны үшін – 123, телефонды пайдаланғаны үшін – 380, қауіпсіздік белбеуі үшін – 1116, бағдаршамның тыйым салатын сигналына – 320, жол жүргені үшін 1810-нен астам жаяу жүргіншіге айыппұл салынды» деді Ержан Әділбеков.

Оның айтуынша, берешегі бар жүргізушілер «Қорғау» қосымшасы арқылы анықталады. Ал 558 жүргізуші әкімшілік құқық бұзушылық бойынша берешегі туралы хабарлама алды, коммуналдық тұраққа 80 автокөлік қамауға алынды.

Сонымен қатар елордада көлік тәртібін арттыру үшін жұма күндері адам көп жиналатын жерлерде жауу жүргіншілермен жұмыс жүргізіледі. Сонымен, 1350 жаяу жүргіншіге айыппұл салынды.

«Бүгінде жолдарда 300 қиылысты және 400 желілік учаскені қамтитын 6 мың бейнекамера орналасты-



рылған. Олар жыл басынан бері 17 мыңға жуық жол қозғалысы ережелерін бұзғанын анықтады» деді спикер.

Бүгінгі таңда 2024-2025 жылдарға арналған жол қауіпсіздігі деңгейін арттыру және елорданың көше-жол желісінде жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіру бойынша кешенді жоспар әзірленуде. Оның ішінде елорда әкімі мен ПД басшысы оқу орындарының жанында жол инфрақұрылымын дамытудың 2024 жылға арналған жоспарын бекітті.

АВТОБУС БАҒДАРЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Бүгіннен бастап «Астанаинерт» – «№4 өрт сөндіру бөлімі» аралығында жаңа №42 бағыт елордалықтарға қызмет етеді.

Бағыт «Агроқалашық» тұрғын алабындағы Оқжетпес, Д.Карбышев, Мұса Жәлел, Ақан сері, Қарамеңде би Шақаұлы, Ш.Айтматов, Сығанақ көшесі, «Шарын», «Мадрид», «Brussels», «Жағалау-3», «Құлгер», «Шығыс», «Sat city», «Зеленый квартал» тұрғын үй кешендерін қамтиды. Бұған дейін қоғамдық көлік жүрмеген Тұран даңғылының Ұлы дала даңғылынан Хусейн бен Талал көшесіне дейінгі аралықта қызмет көрсетеді. Бұл туралы «City Transportation Systems» ЖШС хабарлады.

Сондай-ақ бағыт «ҚР ІІМ орталық госпиталі», «№2 қалалық көпсалалы аурухана», «№3 көпсалалы қалалық балалар ауруханасы», «ҚР ПІБ медициналық орталығының

ауруханасына» жетуді жеңілдетеді. Айта кетейік, Тұран даңғылының Орынбор және Р.Бағланова көшесінің арасы уақытша жабық болғандықтан, бағдар Қабанбай батыр даңғылымен жүреді.



АЗАМАТТАР АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫСТЫ БІЛЕ МЕ?

Халықаралық азаматтық қорғаныс ұйымы бас ассамблеясының қарарына сәйкес, 1 наурызда Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күні аталып өтеді. Бұл күні Астанада қандай іс-шаралар жоспарланып отырғаны туралы қалалық ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Азамат Құсайынов коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді.



дейді Азамат Құсайынов.

Одан әрі Астана қаласы ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күнін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілгенін атап өтті. Оның аясында, тұтастай алғанда, ел бойынша азаматтық қорғаныс айлығы жарияланды және азаматтық қорғаныс туралы білімді насихаттауға және азаматтық қорғау қызметтері орындайтын маңызды міндеттерге қоғам назарын аударуға бағытталған іс-шаралар кешені жоспарланды.

– Азаматтық қорғаныс күнін өткізу аясында өске-

лең ұрпаққа үлкен көңіл бөлінеді. Оқу орындарында ашық және интерактивті сабақтар, «Баршаның назарына!» жедел-құтқару жасақтарының, өрт сөндіру бөлімдерінің базасында ашық есік күндері өткізіледі. «Үздік білім беру нысаны», «Үздік қызмет және азаматтық қорғауды қалыптастыру» және «Азаматтық қорғаныстың үздік қорғаныс ғимараты» тақырыптарында түрлі конкурс өткізу бойынша жұмыс басталды. Елорданың 90 білім беру нысаны оқушыларының арасында 10 спорт эстафетасы, 15 ойын және жаттығу, 5 интерактивті сабақ ұйымдастырылды. Азаматтық

қорғаныс бойынша үгіт-насихат жұмыстары мектеп парламенттерімен, атап айтқанда, қала мектептерінің президенттерімен және төтенше жағдай министрлерімен басталды, – деді басқарма басшысы.

Бұған қоса, Азамат Құсайынов азаматтық қорғаныс Қазақстан Республикасының халқы мен аумағын қазіргі заманғы жеңіліс құралдарынан, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау жөніндегі бейбіт және соғыс уақытында өтетін іс-шараларды іске асыруға арналған азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі екенін атап өтті.

Айтуынша, биыл бұл шара «Азаматтық қорғаныс қызметіндегі инновациялық технологиялар» ұранымен өтеді.

– Азаматтық қорғаныс соғыс кезінде халықты қорғаумен ғана емес, сонымен бірге табиғи және техногендік апаттар нәтижесінде қарапайым адамдар зардап шегуі мүмкін азаматтарды құтқарумен және басқа да төтенше жағдайлардың алдын алумен айналысады. Сондай-ақ осы оқиғалардың салдарын болдырмау және жоюмен ғана емес, осындай жағдайда өзін қалай ұстау керектігі туралы халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізумен де айналысады, –

ЖАҢА ӘДІСПЕН АНЫҚТАЛАДЫ

Елорда жолдарында 21 ақпаннан бастап «Ekin Patrol G2» мобильді аппарат-бағдарлама кешенімен жабдықталған 5 экипаж патрульдейтін болады. Бұл қалада жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Астана қаласы Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Эльдар Даниярұлының айтуынша, жаңа жоба қарама-қарсы және бір бағытта келе жатқан автокөліктердің жылдамдық режимін бұзушылықты анықтайды.

– «Ekin Patrol G2» мобильді аппарат-бағдарлама кешені 360 градусқа жан-жағын шолып қарайтын панорамалық

бақылау тетігі арқылы іздеуде жүрген көлік құралдарын тануға жол ашады. Бұл функция осындай автокөліктерді ұстауға жедел әрекет жасауға ықпал етеді. Кешен мобильді әрі көпфункционалды тіркейтін стационарлық камералары жоқ көшелердің учаскелерінде жылдамдық режимін бұзушылықтар тірке-



леді, – деді Эльдар Даниярұлы. Жалпы енгізіліп жатқан бағдарлама жол қауіпсіздігі дең-

гейін арттыруға және қоғамдық тәртіптің қамтамасыз етілуін бақылауға мүмкіндік береді.

Астанада NEET Zhas Project санатындағы жастарды қолдау жобасы жүзеге асып жатыр. Әлеуметтік жобалар мен бизнес-идеяларды қаржыландыру арқылы халықтың осал топтарын қолдауға бағытталған байқау туралы «Даму қазақстандық қауымдастығы» ЗТБ атқарушы директоры Анар Битебаева түсініктеме берді.

ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАЙТЫН ЖОБА

– Жоба NEET санатындағы жастарға өз идеясын жүзеге асыруға, қажетті білім мен дағдыны алуға мүмкіндік береді. Өтінімдерді қабылдау 25 наурыздан бастап 24 сәуір сағат 23:59-ға дейін қабылданады. Конкурс шеңберінде Астана бойынша 20 жеңімпаз анықталады, шағын грант сомасы – 1000000 теңгеге дейін. Қатысу үшін сайтта тіркелу

Жоба жастарды қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріне жұмылдыруға және нәтижелі жұмыспен қамтамасыз етуге арналған.

Zhas Project Мәдениет және ақпарат министрлігінің және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ тапсырысы бойынша іске асырылып жатыр. 2022 жылы ол Алматы, Жетісу, Қарағанды, Ұлытау,



қажет. Конкурс туралы ережеге сәйкес, қажетті құжаттарды – жеке куәліктің көшірмесін, электронды үкіметтің жеке кабинетінен ЭЦҚ арқылы облыс/өңір аумағында тіркелгенін растауды, қатысушының осал мәртебесін растайтын құжаттарды толтыру және бекіту шарт, – деді Анар Битебаева.

Байқауға қатысу үшін бір ғана әлеуметтік жобаны ұсынуға болады. 2023 жылы Zhas Project жастар корпусын дамыту жөніндегі жобаны іске асыру шеңберінде шағын грант алғандар қатыса алмайды.

Өтінімдерді конкурстық іріктеу екі кезеңнен тұрады: 1. техникалық (өтінімдер мен құжаттаманың іріктеу ережелеріне сәйкестігін тексеруді білдіреді); 2. конкурстық комиссияның отырысы (комиссия құрамына КЕУ, бизнес, білім беру мекемелерінің өкілдері кіреді).

Ол әлеуметтік жобалар мен бизнес-идеяларды қаржыландыру арқылы халықтың осал топтарын қолдауға бағытталған.

Маңғыстау, Түркістан облыстарында қанатқақты режимде іске асты. Биыл республикалық маңызы бар барлық өңірлер мен қалаларда қолға алынып отыр.

Zhas Project-тің негізгі мақсаты: NEET санатындағы жастарды, жастардың осал топтарын дамыту үшін жағдай жасау; жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін практикалық қызығушылық пен маңызға ие жастар идеялары мен жобаларын қолдау; қатысушыларды әлеуметтік кәсіпкерлік және кәсіби өсу бойынша жаңа білім мен дағдыға үйрету.

Конкурсқа қатысу үшін өтініш беруші Қазақстан Республикасының азаматы болуы тиіс. Өтінім берген кезде өтініш берушінің жасы 18-ден 35 жасқа дейін болуы, өтінім беруші өтінім берген сәтте өңірдің аумағында тұрақты немесе уақытша тіркелуі және уақытша тұрақты жұмыспен қамтылмаған (жұмыспен қамту саласынан тыс) мәртебесінде болуы шарт.

Дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

СУ ТАСҚЫНЫНАН САҚТАНАЙЫҚ!

Су тасқыны мен мұздың жүруі кезінде жартасты жағалауда болу қауіпті, өйткені судың тез ағуы оны шайып, бұзады. Сондықтан көктемде, әсіресе қар еріп, мұз түскен кезде балаларды бақылауды барынша күшейтіп, олардың арасында түсіндіру жұмысын жүргізу қажет.

Осы кезеңде көктемгі мұз өте қауіпті екенін есте ұстаған жөн. Ауа райы жылынған кезде абай болған абзал. Мұндайда мұз, көлік құралдары былай тұрсын, адамның да салмағын көтере алмайды. Сондықтан барынша сақ болуға тырысайық. Осы кезеңде қауіпсіздік шараларын қатаң сақтаған жөн.

Көктемде су қоймаларынан өтуге қатаң тыйым салынады. Әсіресе мұз ойындарына жол берілмейді. Мұздан-мұзға секіруге және жағадан алыстауға болмайды. Мұндай әрекеттер, әдетте, қайғылы оқиғамен аяқталады.

Су тасқыны кезінде, әсіресе су тасқыны мүмкін елді мекендерде радионы үнемі қосып жүру керек, өйткені апат күтпеген жерден келуі мүмкін.

Сондықтан қауіпсіздік шаралары бойынша іс-шараларды алдын ала өткізіп, қажетті азық-түлік, киім-кешек, ауыз су және т. б. жинау; қажетті құжаттарды (төлқұжат, туу туралы куәлік) бір жерге жинап, оларды целлофанға орап қойған дұрыс.

Әдетте, су деңгейі болжанады және халыққа су тасқыны туралы алдын ала хабарланады. Су тасқыны аймағында болғаннан кейін әр тұрғын толық байсалдылық танытып, көмек көрсетілетініне сенімді болуы керек. Дүрбеленді болдырмау мақсатында айналасындағыларға жеке мысалмен және сөзбен әсер ету, балалар мен қарттарға, ең алдымен, науқастарға көмек көрсету қажет. Жергілікті атқарушы органдар мен



азаматтық қорғау қызметтері қабылдаған барлық шараға қарамастан, әр адам өз өмірі мен су нысандарындағы қауіпсіздікке өзі жауап береді.

Көктемгі су тасқыны балаларға үлкен қауіп төндіреді. Қауіпсіздік шараларын білмейтін, ата-анасы мен үлкендердің қараусыз қалған кішкентай тұрғындардың тік жағалауда ойнамауын, мұз үстіне шықпауын қадағалау керек.

Көктемде олардың ойын орындарын бақылауды күшейту қажет.

Осы мезгілде тұрғындардың не істеуіне тыйым салынады? Алдымен олардың көктем кезеңінде су айдындарына шықпауын, мұздан өту кезеңінде өзеннен өтпеуін, мұз кептелген жерлерде өзенге жақындамауын, төгілуге және құлауға ұшыраған тік жағалауда тұрмауын, көпірлерде, бөгеттерде және

тоғандарда жиналмауын қатаң бақылау керек. Бұл кезде мұз кептелісіне жақындауға болмайды. Алдымен мұзды жағадан итеріп, одан соң өзеннің немесе кез келген су қоймасының тереңдігін өлшеген жөн. Көктем кезінде мұз үстінде жүруге және оған мінуге тыйым салынады.

Су тасқынына қарсы іс-шараларды қалай өткізуге болады? Бұл үшін алдымен тұрғын үйдің аумағын қардан тазарту қажет. Аумақтағы қар жиналатын орындарға қарды шығарып, жақын маңдағы ағындарды, арықтарды, қоқыс пен мұзды тазалау керек. Тұрғын үй аумағынан өтетін немесе учаске аумағына іргелес жатқан көпірлерді тазалаған дұрыс. Бағалы заттарды, азық-түлік қорын жертөлелерден шатырға немесе су баспайтын жерге ауыстырған абзал. Көктемгі су тасқынынан, айтып келмейтін табиғи апаттан сақ болыңыздар!

Дария БАЙЗУЛОВА,
Астана қаласы ТЖД Алматы ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының инженері, азаматтық қорғау лейтенанты

Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫТҮРҒЫНДАРДЫ
ҚАБЫЛДАУ ЖАЛҒАСУДА

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында тұрғындарды қабылдау іс-шарасы жалғасуда.

Тұрғындарды жеке қабылдау апта сайын аудан әкімі Талғат Рахманбердінің қатысуымен өтеді. Қабылдау барысында аудан тұрғындары өздерін толғандыратын сұрағын қойып, туындаған мәселені сол жерде шешуге тырысады. Мәселен, осы аптада өткен қабылдау барысында әлеуметтік көмек, санитарлық тазалық, электр және жылумен қамтамасыз ету, МИБ және ПИК ұйымдарына қатысты бірқатар мәселе көтерілді. Тұрғындар тарапынан қойылған барлық сұраққа тиісті жауап берілді, қосымша қарауды қажет ететін кейбір сұрақтар бақылауға алынды.

Өткен жылдың басынан бері тұрғындардан 20 мыңнан астам өтініш келіп түскен. Бұл, негізінен, жеке қабылдауларда, тұрақты және көшпелі кездесулер барысында, ресми интернет-ресурстарда, сондай-ақ iKomek қалалық мониторинг және жедел сұрақ қою орталығына келіп түскен шағымдар мен ұсыныс-тілектер.

– Тұрғындардан келіп түскен өтініштерге қарағанда, оларды көбіне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, аулаларды абаттандыру, қызмет көрсететін ұйымдардың жұмысы, тұрғын үйлердің қасбеті мен шатыры, әлеуметтік және басқа да мәселелер толғандыратыны анықталды. Жалпы келіп түскен барлық өтініш бойынша уақытылы шаралар қабылданып, түсініктемелер берілді, – деді Талғат Рахманберді.

КӨШЕ ЖАРЫҒЫ –
ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Аудан тұрғындарымен болатын кездесулерде жиі көтерілетін мәселенің бірі – көшелерді жарықтандыру. Бұл ретте Байқоңыр ауданында орамшilik және көшелерді жарықтандыру бойынша жұмыс күн сайын жүргізілуде.

Бүгінгі таңда жергілікті жұртшылықтың өтінішіне байланысты аудан аумағындағы М.Лермонтов, А.Иманов, А.Жұбанов, Биші қайың, Өзен, Көксеңгір, Найзатас көшелерінде жарықтандыру жүйелі жүзеге асты.

Көше шамдары жолаушыға жол көрсетіп қана қоймайды, кез келген өңірдің бет-бейнесін көрсетеді, ауданның келбетін айшықтайды. Іңір түскенде іске қосылып, жолаушыға, әсіресе мектептен қайтқан оқушыға табан жолын көрсетіп, түнгі уақытта қауіпсіздікке де қорған болады. Сондықтан жарық жүйесінің дұрыс жұмыс істеуі қай кезде де маңызды.

Аудан бойынша күнделікті көлік және жауу жүргіншілер қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында көшелер мен аула аумақтары

БАЙҚОҢЫР –
БЕРЕКЕЛІ ІСТЕР БЕЛДЕУІ

Астана қаласындағы Байқоңыр ауданының құрылғанына биыл 6 жылға жуықтады. Күн санап көркейген ауданның жыл сайын маңызы артып, мәртебесі өсуде. Жалпы ауданы 18129 гектарды құрайды. Тұрғындар саны – 237498 адам. Аудан аумағында «Өндіріс», «Кирпичный», «Казгородок» тұрғын алаптары және 12 саяжай қауымдастығынан тұратын «Қоянды» саяжай алабы орналасқан.



жарықтандырылып жатыр. Өткен жылы жарықтандыру бойынша жүргізілген жұмыс шеңберінде 205 жарықтандыру бағанасы орнатылған. Ескірген жарық шамдары айырбасталып, заманауи диодты шамдар пайдаланып, электр энергиясын тиімді пайдалану және үнемдеу үшін энергия үнемдейтін жарық диодты шамдар орнатылуда.

– 2023 жылы ауданды жарықтандыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс шеңберінде 205 жарықтандыру бағанасы орнатылды. Ұзындығы 4,5 шақырым құрайтын 10 кВ кабель ауыстырылды. «Құтқарушылар», «Есу

арнасы», «Ұстаздар», «Жер-ана» атты скверлеріндегі кабельдер ауыстырылды. Ағымдағы жылы 20 жаңа қоғамдық кеңістікте және 90 аулада жарықтандыру аспаптарын орнату, тозған инженерлік желілерді ауыстыру жоспарлануда, – деді аудан басшысы.

Сондай-ақ тұрғын үйлерді сәндік жарықтандыру бойынша да жұмыс жүргізілуде. Былтыр аудандағы тұрғын үйлерді сәндік жарықтандыру бойынша ауқымды жұмыс жүзеге асырыла, биыл 30 үйде сәндік жарықтандыру жүргізіледі. Көшелерді жарықтандыру үшін қауіпсіз әрі тиімді энергия қондырғылары енгізіліп, ауданда ауқымды тірліктер атқарылды. Әсіресе инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде көшелерді жарықтандыру, электр желілерін жаңғырту сынды жұмыс жүргізіліп жатыр. Алдағы уақытта жарық жүргізілмеген көшелер кезең-кезеңімен жарықтандырылады.

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК
ЖАЙҚАЛАДЫ

Көгалдандыру бойынша өткен жылдары біраз жұмыс жүргізілді. Биыл Байқоңыр ауданының 3 тұрғын алабында 6500-ге жуық ағаш отырғызылады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде Байқоңыр ауданының әкімдігі мегаполисті

лерде, аулаларда, саябақтарда, қоғамдық кеңістіктерде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпал етіп келеді. Осыған орай, Байқоңыр ауданының аумағында бұтақтарды кесу және құраған ағаштарды кесу жоспарлы түрде жүргізіліп келеді. Осындай ағаштарды кесу жөніндегі іс-шаралар жоспары жасыл желектердің жай-күйін қадағалау нәтижесі бойынша және аудан тұрғындарының өтініші бойынша жүзеге асуда.

Өткен жылы 126 контейнер алаңы орнатылды. Жалпы ұзындығы 4,4 км болатын 4 көшеге асфальт төселді, сондай-ақ «Өндіріс» және «Кирпичный» тұрғын алаптарында 80 жарықтандыру аспабы ауыстырылып, орнатылды. Сонымен бірге ауданда 4 жылы аялдама павильоны пайдаланылды. 8 көшеде ұзындығы 3,6 км болатын тротуар салынды.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК
КӨБЕЙДІ

Аудан аумағында тұрғындардың бос уақытын қолайлы өткізуіне барынша жағдай жасалуда. Жыл сайын жаңа қоғамдық кеңістіктер мен орындар, аула аумақтары жабдықталады.

Былтыр 11 қоғамдық кеңістік абаттандырылды, 25 аулада ке-

Аудан тұрғындарының өтініші бойынша 20 жаңа контейнер алаңы орнатылып, жұмыс істеп тұрған 200 контейнер алаңына жөндеу жүргізілді, 50 құл контейнері дайындалды. Биыл қолданыстағы 300 алаң жөнделіп, кеңейтілді, сондай-ақ 100 құл контейнерін дайындау жоспарланып отыр.

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР –
БАСТЫ НАЗАРДА

Байқоңыр ауданында бүгінде 22 мыңнан астам зейнеткер, 573 тыл еңбеккері, 5591 мүмкіндігі шектеулі адам, 3963 көпбалалы отбасы, 1107 көпбалалы ана, «Алтын алқа» және «Күміс алқа» белгілерімен марапатталған, 421 әлеуметтік аз қамтылған отбасы тұрады.

Жасы үлкен кісілер бос уақытын пайдалы өткізуі үшін ауданда 3 шағын орталық орналасқан.

– Аудан тұрғындарын әлеуметтік қамтамасыз етуде бұрынғыдай жоспарлы жұмыс жүргізіліп жатыр, өтетін акциялар аясында ауданның көпбалалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасыларынан 5500-ден астам бала түрлі іс-шара мен акцияға қатысты, онда оларға жаңа оқу жылына дайындалуға көмек көрсетілді және жаңа жылдық сыйлық таратылды, мерзімді бұқаралық-спорттық іс-шараларға қатысуға тартылды, сондай-ақ аула мерекелері өтті, – деді әкім.

Өткен жылы аудан аумағында тұратын 421 отбасыға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Міндетті мемлекеттік әлеуметтік төлемдерден басқа, 1500-ге жуық әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы және толық емес отбасыға азық-түлік жиынтығы, балаларға арналған киім, көмір, уақытша баспана беру, балаларды балабақшаға тегін орналастыру, медицина мекемелерінде тексеруден және емдеуден өту және т. б. көмек көрсетілді.

– Тәуелсіздік күніне орай Астанада Ардагерлер кеңесінің үшінші орталығы ашылды. Осы уақытқа дейін Е.Брусиловский көшесінде «Айдар» орталығы ашылды. Онда 80-нен аса ардагер бар. Екінші орталық, яғни «Парасат» орталығы А.Жұбанов көшесінде ашылған. Орталыққа 50-ге жуық ардагер келіп, бос уақытын тиімді өткізеді. Аудандағы белсенді еңбек ардагерлерінің бос уақытын оңтайлы өткізуге арналған осындай басқосу орындарының болуы аса маңызды, – деді аудан басшысы.



шенді абаттандыру жүргізілді, 42 ауладағы ойын және спорт аймақтарына жөндеу-қалпына келтіру жұмысы жүргізілді. Оның ішінде «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында 20 аула абаттандырылды. Жүргізіліп жатқан жұмыс нәтижесі бойынша абаттандырылған аулалар саны 205-ке дейін артып, бұл аудандағы барлық аула аумағының 84 пайызын құрады.

Ағымдағы жылы ауданда 20 қоғамдық кеңістік ашу, сондай-ақ 90 аулада абаттандыру жүргізу жоспарланып отыр.



№23 (4611) 24/02/2024 Сенбі

Ал ол нендей кемшілік дейсіз ғой? Ол шешімін табу үшін түпкілікті тиімді шара қолданылмайтынына байланысты қоғамды ашыңдыратын кесірлі істер керуені болып тұр. Мұндай кесірлі сипаты мол кемшіліктер өте көп. Сондықтан оларды біртіндеп талдап айту – Қорқыттың көрінін сақтандыру. Әрі ол халық тарапынан болып жатқан кемшілік емес. Асыра сілтеу мен асығыстықтан, халық сенген билік өкілдерінің немқұрайды іс-әрекетінің нәтижесінен көрініп жатыр. Олай демесе не шара? Алдымен бәрін рет-ретімен баяндайық.

Мәселен, Президент Үкіметтің өткен кеңейтілген отырысында билік құрылымдарының шынайы жұмысын паш етті. Сонда байқап қарасақ, Үкімет пен өкілдердің жұмыс істеу тәсілі бір ұстанымда емес екен. Жүйелі ұстаным болмаған соң жүйесіздік белең алады. Мәселені жедел шешумен қатар, экономиканың ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз ету өте маңызды дейміз. Осы орайда Президенттің өзі: «Алдағы міндеттерді орындау үшін Үкіметке де, өкілдерге де тиісті құзырет берілген. Алайда бұл мүмкіндіктер көп жағдайда дұрыс қолданылмай жатады. Соның кесірінен реформаларды жүзеге асыру қарқыны бәсеңдеп кетті. Мұндайды доғару қажет» деп қатаң ескерту жасады.

Айталық, республиканың қай қаласына барсаңыз да, тіпті шағын елді мекендердің өзінде де атойлап алдыңыздан «сақалды құрылыстар» шыға келеді. Бұл нені білдіреді? Сол қаладағы қожайынның осалдығын ба, әлде билік салаларының бір жұдырықтай жұмыла алмаған жүйе тірлігін көрсете ме? Қалай десек те, мұнда жаппай белең алған істің салдарына табылар себеп көп. Ол себептің бастауына жету де мүмкін емес. Себебі (тағы да себеп) нақты қожайын жоқ, яғни есебін сұрар жан жоқ. Ол болмаған соң жауапкершілік те жоқ. Айналып келгенде, келеңсіз істердің қаптауына халықтың өзі кінәлі болып шығады. Бұл орайда Президент: «Бұл салада үлескерлік құрылысқа, ғимараттардың заңсыз әрі орынсыз салынуына, мүлік иелерінің бірлестігін реформалауға қатысты қордаланған мәселелер бар. Азаматтар үнемі шағымданып жатады. Алайда құзырлы органдар әлі күнге дейін тиісті шара қолданбай отыр» деді.

Ал олай болса билік сүттен ақ, судан таза деуге не кепіл? Мемлекеттің өзі халық. Билік азаматтарының бәрі аспаннан түскен жоқ, сол халық өкілдері. Тек жүйеге еңісімен оның теріс ағасына қарсы жүзуден қалады. Себебі тереңде. Белгілісі – ештеңені өзгерту мүмкін емес. Сондықтан да болар себептің өзімен емес, салдарымен күрес қана жалғаса береді. Бұл орайда өзге қаланы қойып, бас қаламыздың өзінде өткен жылы 76 құрылыс нысанының жұмыс тоқтатылғаны бар. Ал оның алдында қала аумағында 96 құрылыс нысаны рұқсатсыз



АСЫРА СІЛТЕУ МЕН АСЫҒЫСТЫҚ НЕМЕСЕ ӨМІРДІҢ КЕЙБІР ТҮЙТКІЛДЕРІ ТУРАЛЫ

«Қайда барсаң да Қорқыттың көрі» деген сөздің мағынасы тек өлімді ғана еске салуда емес. Ғалымдар бұл тұжырымның мағынасы тереңде дейді. Соған орай Қорқыттың көрден қашуы ажалдан емес, алдамшы адам ісінен әрі пайдасыз кешкен күннен қашуында екен. Демек, қазіргі еліміздегі сандаған келеңсіз жайға назар салсақ, «Қайда барсаң да Қорқыттың көрі» деген шарасыздыққа тап боласыз. Оның көптігі сондай, қанша айтылса да, кемшілік кернеген істі жаба тоқу жалғаса беретін секілді.

жүргізілгені де баршаға белгілі. Сонда жиырма емес, екеу емес, тіпті он, яки жиырма емес, бақандай жүзге тарта көп пәтерлі құрылыс нысаны рұқсатсыз басталған! Мұны о баста білмеу және көрмеу мүмкін емес еді ғой. Түйедей істі түймедейге теңеп, о бастан еле-меудің салдары кейін сан соқтырары сөзсіз. Тек үлескерлер емес, өзгелер де санын соғып жатыр. Оның салдары рұқсат берілмесе де «рұқсатпен» салынып, аяқталмай қалған үйлер мәселесі. Оның сапасы мен қымбаттығы туралы әңгіме басқа. Ғажап! Сонда иек астында қаптаған заңсыздық болып жатса да уақытылы ешкім байқайды. Тек үлескерлер дабыл қаққанда ғана заң «салтанат»

құра бастайды. Әрі-беріден кейін рұқсат берілмеуді белден басудың өзі заңсыздық екенін екінің бірі біледі. Және мұны белден басып отырған жалғыз құрылыс салушылардың сорақылығы емес. Оны ешкім білмеді деу де бекершілік. Мәселе сол заңсыздықтың жолын кесетін, алдын алатын тиісті органдар қайда? Әлде өкімнің де тиісті пәрмен бере алмайтын тұстары бола ма екен?! Бұл орайда науқасты емдей алмаған дәрігердің ісіндегі өкім ісі де нәтиже бермейтіні ойландырады.

Сонда байыптай қарасаңыз, өкім мен дәрігердің амалы бірдей секілді. Тек айырмашылық – өкімнің өміріне қарай әлі жүреді,

ал терапевт дәрменіне қарай науқасты сан салаға жүгіртеді. Сосын соңғы нәтиже адамның өзіне ғана байланысты дейді. Яғни әгеркі науқастан адам сауығып жатса дәрігер емі шипа болды, ал дәрігер науқас ауруына ем қондыра алмаса, онда сол дертке шалдыққан жанның өз айыбы. Сондықтан қайран науқасқа ауруына мойынсұнбасқа амал қалмайды. Жалпы, бұл сөзіміздің дәлеліндей, еліміздегі медициналық саланың да оның тұрғаны шамалы. Өйткені Президент бұл туралы да: «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің іске қосылғанына бес жыл болды. Содан бері бұл саланың бюджеті 2 есе артты. Биыл

2,6 трлн теңге бөлінеді. Алайда медициналық көмектің сапасы айтарлықтай жақсарды деп айтуға болмайды» деді. Сондықтан бар саланы жайлаған салғырттық салдарының салқынын тартып жатқан халық. Өйткені Үкіметке сенген үлескерлер баспаналы болудың жолын қаржы шамасына қарай белгілі бір тұрғын үй құрылысына құяды, ал алданып үйден де, қаржыдан да қағылып жатса билікке, жалпы мемлекетке сенгендері бекер болды дейді. Алайда сол мол қаржының қолды болмайтыны үлескерлердің билікке деген жалғыз сенімі болатын. Сондықтан мұндай жағдайға душар ететін істің алдын ала алмаған билікке сенім жоғалса, халық қайда барып баспана таппақ? Бұдан шығатын қорқытынды: қайда барсаңыз да Қорқыттың көрі демесе не лаж бар дейді үлескерлер.

Әрине, заңсыз құрылыс салушылар уақыт өте келе ұсталып, қамалып жатқаны да рас. Бірақ бұл әрекет үлескерлердің үмітін және билікке деген сенімді еш ақтай алмайды. Өйткені дер уақытында заң бұзушылықты құрықтай алмаған және құрылыс салушылардың дәрменсіздігін анықтай алмаған жергілікті биліктің еш айыбы жоқ дегенге кім сенер?! Демек, мұндай сан соқтырар мәселеге үлескерлерді ұрындырмас үшін не істеу керек? Оның шешімін табар жол қарапайым, бірақ өте сенімді әрі тиімді жол. Бұл мәселе жемқорлықтың көзін тудырмас үшін әр өңірден сайланған Парламент Мәжілісі депутаттарының иығына алдын ала артылуы тиіс. Халық қалаулысы халықтың зардап шеккенін қаламайды ғой. Жұрт әлі солдай сенеді. Ал қалайтын болса, онда бұл жасанды тірлік қайталану береді. Сондықтан астында көлік, қолында қауқар, басында қорғаны, сөзі пәрменді депутаттың заңсыздықты болдырмауға, алдын алуға дәрмені жетеді деп ойлаймыз. Сонда олар мұндай шаруаны ынта-жігерімен атқаратын болса «жиналып алып ұйықтап отырады» деген жел сөзден де арылар еді. Қолынан іс келетін, сөзіне билік бас иетін, шынымен халыққа жанашыр азаматтар іріктелген екен деген үлкен сенім пайда болады. Ал халықтың сенімі қайта оралса, олар – Жаңа Қазақстанға, сөзсіз, аяқ басқанымыздың нақты белгісі. Нартәуекел деп, сөзден іске көшетін уақыт келді деген осы.

Сол сияқты қала мен елді мекендердегі тағы бір өзекті мәселеге көңіл аудармаса, қатерлі қауіпке әдейі жол бергенді секілді қабылдануы мүмкін. Ол не дейсіз ғой. Ол – алдыңыздан қаңғыбас иттер шыға келгенде, шынымен, «өлімнен қашқандай» күй кешетін жай. Өзге қалаларды айтпағанның өзінде, Астананың қақ төрінде азулы иттер азуын ақситып жүрсе, тіпті бала түгіл, ересек адамның өзіне айбат шексе, не дерсіз?! Мектебіне бара жатқан кішкене оқушы қыз балаға осындай үйір иттер шәуілдеп тұра ұмтылғанын көрдік. Көлікпен көше бойлай келе жатқанбыз.

Жедел тоқтап, көліктен түсе сала қолға іліккен темір кілтті ұстай айқайлап жүгірдік. Абырой болғанда, ит бізге қарсы шаба алмады, бытырай қашты. Ал ана кішкентай баланың қорыққанынан жан дауысы шықты. Екі көзі жасқа толып кеткен. Сөйлей алмайды, қалшылдап, үрейден дір-дір етіп, мектептегі сабағына бара жатқанын зорға айтты.

Кім болсаңыз да, алаңсыз келе жатқанда, жан-жақтан азуын ақситып үре шапқан иттерді көргенде өлімнен қашардай күйге түсесіз. Алайда бұл иттердің не жазығы бар? Ит түгіл, қауқарсыз қалған адам да қаңғыбас күйге түседі. Тек айырмашылық – адам біліп істейді, ит білмей істейді. Ендеше мұндай арты өкінішке соқтыруы мүмкін жайдың алдын алмай отырған кім кінәлі? Тіпті мұны аз десеңіз, сол көшеде қаңғыған иттерді ұстап, астаналық кафе, мейрамханаларға етке өткізіп жатқандар бар көрінеді. Бұл не?! Бұл дегеніңіз – талай адамның денсаулығына қауіп төнді деген сөз. Ол жабайы иттердің қандай ауру арқалап жүргенін кім білсін?! Мейрамханаға бардық, дәмді аспен ауқаттандық, ойдағыдай демалдық деп жүргендер жазылмас дертке душар болса кім кінәлі? Біз қауіп еткеннен соң айтамыз ғой. Қайда барсаң да Қорқыттың көрі деген осы-ау.

Аумағы атшаптырым Президент саябағы бар. Кейінгі кезде осындай аты дардай саябаққа барған жұрт аялдайтын, балалар құмартып ойнайтын орамды орындар бой көрсетті. Бүлдіршіндер қызыға сырғанайтын қызылды-жасылды үлкен сырғанақ құрылысы тіптен тартымды. Президент саябағының бір артықшылығы, ондағы ағаштар Есіл өзенін жағалай бой көтерген. Мұнда адам жасыл желекті иісі жұпар ағаштар арасымен серуендеу үшін, өзеннің баяу аққан ағысының көңілге қуат берер демімен тыныстау үшін келеді.

Оның үстіне, кіреберісінде «Спиртті ішімдік ішуге болмайды, итті қыдыртуға болмайды!» деген сияқты ескертулер ілінген. Керемет емес пе! Бірақ солай бола тұра, жетекте жүрген иттерден көз сүрінеді. Жетекте жүрген соң олардан ешкім үрке қоймайды. Алайда олар ит болған соң иттің істейді. Бітеу емес. Тіміскілеп жүріп, кейде ағаштың түбіне барып отырады. Ал сол ағаш, өзге ағаштармен бірге ертеңгі күні жапырағын жайып жайқалған кезде оның түбі күннің көзінен көлеңгейлейтін және айналасы жасыл шөпке бөлген көрікті жерге айналады. Сонда мұнда серуенге асыққан жандар иттің нәжісімен емес, жасыл желекті таза ауамен тыныстауға келетіні неге ескерілмейді? Бірнеше рет иесіз бос жүрген бірнеше итті кезіктірдік. Мұндай кезде ағаш арасымен алаңсыз жалғыз-жарым серуендеп жүрген жан қашып та үлгерсе алмауы мүмкін. Бұған кім кінәлі?

Сәрсенбай (Александр) ЗУЛҚАРНАЙҰЛЫ, журналист, Астана қаласы

ӘЙЕЛ – ӘЛЕМ ШУАҒЫ

«ХАЛЫҚ АЛҒЫСЫН» АЛҒАН ДӘРІГЕР

Дәрігердің бәрі бірдей емхана мен ауруханада ғана жұмыс істемейтіні белгілі. Алған білімі мен жинаған тәжірибесін арнайы қызмет көрсететін, апатты жағдайға душар болғанда медициналық көмекті қажет ететін салаларда да пайдаланып жүрген ақ халаттылар бар. Солардың бірі – 9 жылдан бері Астана төтенше жағдайлар департаментіне қарасты №5 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің дәрігері болып еңбек ететін Гүлжан Әміреева.

Райхан РАХМЕТОВА

Өзі 42 жаста, екі баланың анасы, бір әулеттің ұйытқысы Гүлжан Мелісқызының жалпы медициналық жұмыс тәжірибесі 21 жылды құрайды. Жамбыл топтырағында дүниеге келген

ол Алматыдағы қазақ мемлекеттік медицина университетіне 1998 жылы оқуға түсіп, ел астанасы Ақмолаға ауысуына байланысты, оқу орны 2000 жылы Астанаға көшкенде ол да алғаш Сарыарқа төріне табан трейді. Еңбек жолын 2003 жылы қаладағы №2 қалалық балалар ауруханасында хирургия бөлімшесінің медбикесі болып бастаған. 2004-2015

жылдар аралығында №2 перинаталды орталықта акушер-гинеколог болып еңбек етеді. 2015 жылы жолдасы жұмыс істейтін Астана төтенше жағдайлар департаменті №5 мамандандырылған өрт сөндіру бөліміне дәрігер болып жұмысқа орналасады.

– Қазіргі таңда қалада өрт қауіпсіздігі бойынша біз сияқты 24 бөлім болса, соның ішінде сегізі – мамандандырылған. Біздің бөлім Сарыарқа ауданына қарайды, бірақ дәрігерлер Қабанбай батыр көшесіндегі №3 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінде 101 және 112 қызметтерімен бірге отырамыз. Бұл жерден қаланың кез келген жеріне бірдей уақытта жете аламыз. Шұғыл оқиға болмаған кезде гарнизондағы барлығы 1500, бір ауысымдағы 200-ден астам қызметкердің денсаулығын бақылап, әртүрлі аурулардың

алдын алу бойынша іс-шаралар жүргіземіз. Ал апатты жағдай туындағанда оқиға орнында зардап шеккендерді ғимарат сыртына алып шыққаннан кейін ғана оларға алғашқы медициналық көмек көрсетуді бастаймыз, – дейді Гүлжан Әміреева.

Тәжірибелі дәрігер екі жылдық пандемия кезінде де жеке құрамды қауіпті аурудан емдеу, тиімді профилактикалық жұмыстар жүргізу, коронавирусты анықтау бойынша қарқынды жұмыс жүргізіп, ауыр кезеңде елорда медицинасының дамуына зор үлес қосты. Сол үшін 2020 жылы Мемлекет басшысының атынан «Халық алғысы», былтыр Денсаулық сақтау министрінен «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» марапатына ие болды. Одан басқа да көптеген Алғыс хаттарға ие болып жүр. Дегенмен ақ



халатты абзал жан үшін бұл марапаттардан бұрын өзі шипасын дарытқан науқастардың, зардап шеккен адамдардың өмірін ажалдан арашалап қалған сәттегі олардың батасы мен алғысын алу бәрінен де маңызды.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

КӘСІПТІК БІЛІМНІҢ БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?

Жиынды жүргізген Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазиевтың айтуынша, соңғы уақытта кәсіптік-техникалық білім саласына үлкен көңіл бөлініп жатыр. Колледждерге академиялық еркіндік беріліп, арнаулы орта білім беру орындары жұмыс берушілермен және әлеуметтік серіктестермен бірлесе отырып, кәсіби стандарттар негізінде оқу бағдарламаларын әзірлейді.

– Қаламызда, жалпы елімізде де дуалды оқыту мәселесі қарқынды дамуда. Оған үлкен себеп – осыдан екі жыл бұрын басталған «Жас маман» бағдарламасы. Соңғы жылдары Оқу-ағарту министрлігі кәсіптік-техникалық білім жүйесін дамытуда бірқатар жүйелі жұмыстарды атқарды, – деді Қасымхан Сенғазиев.

Басқарма басшысының мәлімдеуінше, биыл аталмыш ведомство тарапынан балабақша тәрбиешісі және бастауыш сыныптар мұғалімі мамандықтарына алғаш рет мемлекеттік тапсырыс орналастырылмақ. Бұдан бұрын аталмыш мамандықтарға осындай тапсырыс болмаған. Жалпы елордада 140-тан астам қысқа мерзімдік оқыту бағдарламалары әзірленген.

Оқу-ағарту министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім департаменті директорының міндетін атқарушы Ақзира баяндауынша, Президент тапсырмасына сәйкес еңбек нарығында сұранысқа ие білікті кадрларды даярлау Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы мен «Барлығына қолжетімді сапалы білім беру» ұлттық баяндамасының жобасы аясында қарастырылып отыр. Қазіргі таңда колледждердің 85 пайызы техникалық, ауыл шаруашылық және қызмет көрсету салалары бойынша мамандарды даярлауда. 2020 жылдың қыркүйегінен колледж студенттерінің стипендиясы 50 пайызға артты, биыл тағы 50 пайызға арттыру көзделген.

Астанада «Кәсіптік-техникалық білім және әлеуметтік серіктестік: тенденциялары, болашағы, мәселелері» тақырыбында қалалық семинар-кеңес өтті. Астана қаласының Білім басқармасы ұйымдастырған жиында елорданың еңбек нарығына қажетті мамандарды сапалы дайындау, жалпы бас қала экономикасына білікті кадрларды даярлау мәселелері талқыланды. Іс-шараға Парламент депутаттары, Оқу-ағарту министрлігінің, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері, елорда колледждерінің басшылары мен оқытушылары қатысты.



Еліміз бойынша колледждер түлектерінің 77 пайызы, ал Астана қаласында 76 пайызы жұмысқа орналастырылған. Алдағы мақсат – бұл көрсеткішті кемінде 90 пайызға жеткізу. Бұл үшін жұмыс берушілермен бірлесіп, еңбек нарығына нақты қажет мамандарды анықтау керек. Қазіргі таңда Қазақстандағы 551 колледжде дуалды оқыту жүргізіледі. Бұл 91 мың студентті қамтып отыр. Ал Астана қаласының колледждері 6 мыңға жуық ірі, орта және шағын кәсіпорындармен байланыс орнатқан. Соның ішінде негізгі үлес шағын кәсіпорындарға түсіп отыр. Ендігі мақсат – ірі кәсіпорындармен тиісті жұмысты күшейту.

Еңбек ресурстарын дамыту орталығының вице-президенти Ерасыл Жұманбаев 2023 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Кәсіптік біліктілік туралы» заң қабылданғанын мәлімдеді. Заңның негізгі міндеттері, біріншіден, салалық біліктілік жүйелерін қалыптастыру. Мұндағы ең басты мәселе, тиісті кәсіптерді айқындау, салалық орталықтарды құру, жұмыс берушілерді жаңа жүйеге қатысуын арттыру. Екінші бағыт – еңбек нарығының сұранысына сәйкес кәсіби кадрларды даярлау. Ал үшінші бағыт – адами капиталдың сапасын арттыру.

Еңбек мобильділігі орталығының директоры Олжас Омар қазір еңбек нарығында Мансап орталығы маман мен жұмыс берушінің арасындағы көпірге айналғанын атап өтті.

Яғни, жұмыссыз мамандарды «Электронды еңбек биржасы» порталына тіркелуге көмек беріп, сұранысына сай жолдама ұсынады. Соның ішінде «Алғашқы жұмыс орны», «Жастар мерзімді кәсіптік оқыту және шағын несиелеу бағыттары бар. Баяндамашы аталмыш бағыттарға кеңінен тоқталды.

Атап айтқанда, «Алғашқы жұмыс орны» бағыты тәжірибесі жоқ жастарға арналған. Айна субсидиялау мөлшері 30 АЕК (110 мың теңге) және жұмыс беруші қосымша жалақы төлей алады. Мұнда жұмыс 18 айдан аспайды. Ал «Жастар практикасы» – 35 жастан аспаған білім беру ұйымдары жұмыссыз түлектерінің алған мамандығы бойынша тәжірибе жинақтауды

ұсынатын қызмет түрі. «Күміс жас» болса, 50 жастан асқан жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыруға бағытталған жоба. Бұл жоба жеке кәсіпорындарға арналған. Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту жұмыс берушінің тапсырысы бойынша 6 айға дейін созылады. Оқып жатқан азаматқа стипендия, ал жұмыс орнынан жалақы төленеді. Шағын несиелеу бағдарламасы 35 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлерге арналған. Несие 5 жылға 5 млн теңгеге дейін беріледі. Жылдық сыйақы мөлшері – 2,5 пайыз.

Парламент Мәжілісінің депутаты Олжас Құспеков техникалық және кәсіптік білімді дамытуға қатысты пікірін жеткізді. Соның ішінде ауылдық жерлердегі колледждердің білім сапасына тоқталып, қаладағы колледждер ауылдағы арнаулы орта оқу орындарына қамқорлық көрсету керектігін айтты. Елорданың технологиялық колледжінің директоры Ләззат Разбекова кәсіпорындардың колледждерге қамқорлығы, колледждерді дамыту бағытында сөйледі.

Оның мәліметінше, қазір Астана қаласында 32 колледж бар. Соның 9-ы – мемлекеттік, 23-і – жекеменшік. Олар 73 мамандық 121 біліктілік бойынша 35923 студентті оқытады. Соның 20289-ы, яғни 56 пайызы мемлекеттік оқыту тапсырысы аясында білім алып жатыр. Осы оқу орындарының әлеуетіне тоқталған баяндамашы, елорданың колледждері сапалы білім беру, білікті кадрларды даярлау бағытында өңірлерге үлгі көрсету керектігін айтып өтті. 2023 жылдың қорытындысы бойынша 7500 білім алушы жұмыспен қамтылған.

– 2022 жылдан бастап колледждерге академиялық дербестік берілді. Нәтижесінде жергілікті кәсіпорындармен ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік туды. Астана қаласының колледждері осы мүмкіндікті пайдаланып келе жатыр. Оқу бағдарламасы маман даярлау

бойынша ұсыныс жолдаған кәсіпорындармен бірлесе жасалды. Екі жақты келісімнің, бірлескен шешімнің арқасында колледждер сапалы маман даярлайды, ал кәсіпорындар маман тапшылығы мәселесін шеше алады, – деді Ләззат Разбекова.

Кәсіпорындармен бірлесе кадр даярлау аясында Астана қаласы бойынша 1113 студент қамтылғанын, оған қаладағы 90 кәсіпорын ұсыныс жасағанын, 2029 жылға дейін 6 мың студентті қамту жоспарланғанын атап өткен баяндамашы өзі басқаратын технологиялық колледж тәжірибесіне тоқталды. «Ақмол холдинг» жеке шаруашылық серіктестігі аталмыш оқу орнын қамқорлыққа алып, әртүрлі материалдық, демеушілік көмек көрсетумен қатар Францияның Лион қаласындағы Sigr колледжімен тығыз байланыс орнатуға көмек берді. Нәтижесінде екі апта бұрын екі жақты келісімшарт жасалды. Алдағы 5 наурыз күні Sigr колледжінің өкілдері Астанаға арнайы іссапармен келіп, технологиялық колледжбен таныспақ. Алда французлық әріптестермен қысқа мерзімдік курс ашу, Францияның ұлттық тағамдары мен қазақтың ұлттық тағамдары біріктіріп, нарықта өтімді, халыққа пайдалы өнімді ұсыну жоспарланған.

«Электр энергетиктері қауымдастығы» ЗТБ басқарма төрағасының орынбасары Арман Телев салалық қауымдастықтың дуалды білім беруге қосқан үлесімен таныстырса, «Hilton Astana» қонақ үйінің бас менеджері Лео Холли және осы қонақ үйдің кадр бөлімінің директоры Ольга Чеснокова елорда колледждері студенттерінің аталмыш мейманханада практикадан өту, одан кейін қонақ үйге жұмысқа түру тәжірибесімен бөлісті. Семинар-кеңестің қорытындысында елорданың әлеуметтік дамуына сәйкес техникалық және кәсіптік білім саласын қоғам сұранысына сай одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар айтылды.

ҒЫЛЫМ ТӨҢКЕРІСКЕ ТӨТЕП БЕРЕ МЕ?

Алдағы 10-15 жылда үлкен ғылыми-технологиялық төңкеріс болады. Сол төңкеріске қазақтың ғылымы төтеп беруі үшін, бүгін бізге нақты қарекет керек. Соның ішінде әлемдік медиа индустрияда да адамзатты таң қалдыратын өзгерістер болмақ. Мысалы, Google жасаған бір керемет алгоритм бар. Бір ғана сөзді жазсаң, сол сөзге 1 минуттың ішінде ролик түсіріп береді екен. Әріптестеріме қызықты болатын жаңалықтың бірі – биыл шағын тілдік модельдерге (LLM) қатысты жасанды интеллекттің эволюциясы күтілуде. Бір ғана мысал.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

Бұрын біз мәтіндерді жазып алып, оны басқа тілге аударып, әуреге түсуші едік. Енді телеграмдағы боттардың бірінің көмегіне жүгініп, бір адамның сөйлеген сөзін жедел мәтінге, я болмаса мәтінді лезде сөзге айналдыра аласыз. Я болмаса жасанды интеллектке аудио хабарлама жіберсеңіз, ол қолма-қол өңдеп, мәтін шығарады. Яғни, қазақ тілінің өмір сүруінің бір кепілі – цифрлық форматқа көшу.

Жуырда Бас редакторлар клубының президенті, сенатор Бибігүл Жексенбай бастаған бір

топ БАҚ басшылары Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекпен кездесіп, отандық ғылымды дамытудағы бүгінгі және болашақтағы бағдарлар мен басымдықтар туралы әңгіме-дүкен құрдық. Саясат Нұрбектің айтуынша, қазір дүние жүзі жасанды интеллектке елеңдеп отыр. «Біз алдағы 10-15 жылда үлкен ғылыми технологиялық төңкерістің алдында тұрмыз.

Қазіргі кезде генетика, жасанды интеллект, термоядролық синтез, биоэнергетика сияқты салаларда адамды таң қалдыратын небір ғылыми жаңалықтар шығып жатыр. Бұрын-соңды адамзат баласы аспаған ғылыми жаңалықтарды жасанды интеллект ашып беруде. Қазір

әлемдегі жасанды интеллекттің ең мықты екі орталығы – АҚШ пен Қытайда. Осы екі ел бұл бағытта қарқынды дамытып, қыруар қаражат салуда» деді құзырлы министрлік басшысы.

Министр С.Нұрбек Қазақстан қазір жасанды интеллект төңкерісінің алдында осы технологияны түсінетін және түсінбейтін елдердің арасында тұрғанын атады. «Егер әлемдік ғылымдағы шынайы бәсекеден қалып қоймаймыз десек, онда жасанды интеллектке қаражат салып, осы салада озық тәжірибесі бар елдермен қарым-қатынас жасап, маман даярлайтын болсақ, онда ортадағы елдер тобына қосыламыз» дей келе

ведомство басшысы маман даярлау мәселесіне ерекше ден қойылып отырғанын айтты. Атап айтсақ, биыл Қазақстандағы 14 университетте Google-дің жасанды интеллект бойынша оқыту курстары енгізіледі. Сәтбаев университетінің базасында Гонконг университетінің филиалы, Қорқыт ата университетінде SEOUL TECH филиалы, Назарбаев университетінде AI академиясы және т.б. жоғары оқу орындарында жасанды интеллект мамандарын даярлайтын орталықтар ашылады.

Ғылым және жоғары білім министрі біздің университеттер педагогикалық форматта жұмыс істейтін тілге тиек етті. «626 мың студентіміз бар, соның ішінде 92 пайызы – бакалаврда,

7 пайызы – магистратурада, 1 пайызға да жетпейтін бөлігі – Phd докторлар. Ал өзімізді Оңтүстік Кореямен салыстырып көрсек, студенттерінің 52 пайызы – бакалаврда, 42 пайызы – магистрлер, 7-8 пайызы – Phd докторлар. Яғни, студенттерінің жартысы ғылыммен айналысады. Озық елдердің қатарына қосылуымыз үшін зерттеуші университеттер құру керек. Былтыр төрт университет: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев университеті, Әуезов университетіне осындай мәртебе бердік. Соның нәтижесінде ғылымға қосымша қаражат бөлінеді. Мысалы, былтыр Сәтбаев уни-

верситетіне ғылымды дамытуға 15 млрд теңге бөлінді. Жыл сайын 4-5 млрд теңге ғылымды өркендетуге бөліп отырамыз» деп түсіндірді министр.

Иә, ғылыми технологияның көшінен қалмаймыз десек, бүгін қамданып, әлемдегі озық ойлы, интеллектуалды ұлттардан үйренуге тиіспіз. Жып-жылы атмосферада өткен жүздесуден өте көп ақпарат алдық. Бір қуанарлығы, министрлік пен клубтың арасындағы ынтымақтастықты жандандырып, алдағы уақытта үш ай сайын кездесіп, отандық ғылымның жаңалықтарын БАҚ, әлеуметтік желілер арқылы жұртшылыққа жеткізуді ізгі дәстүрге айналдыруға уағдаластық.

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК – МЕМЛЕКЕТ ҚАЛҚАНЫ

Киберқауіпсіздік күллі әлем үшін аса маңызды мәселеге айналып отыр. Себебі технология қарыштап дамыған сайын хакерлер жеке адамдардың деректеріне ғана емес, ірі компаниялар мен ресми органдардың сайттарына да шабуыл жасай бастады. Бұл ретте Қазақстан да киберқауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударуда. Киберқауіпсіздікті нығайту, алаяқтардан қорғану – ел тыныштығын сақтауда аса маңызды.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

АЛАЯҚҚА ТҰСАУ БАР, ЕГЕР УАҚЫТЫНДА ХАБАРЛАСА...

Деректер қауіпсіздігіне төнетін қауіп – азаматтардың ғана емес, мемлекет қауіпсіздігіне жасалған шабуыл. Сондықтан, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік (киберқауіпсіздік) – электрондық ақпараттық ресурстардың, ақпараттық жүйелер мен ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның сыртқы және ішкі қауіптерден қорғалу жағдайын қамтамасыз ету, маңызды сала.

ҚР ПМ Криминалдық полиция департаменті киберқылмысқа қарсы күрес орталығының бастығы, полиция подполковнигі Жандос Сүйінбай. «Шағым бойынша тексересіздер ме?» деген сауалымызға сарапшы былай жауап берді.

– Әр шағым бойынша тексеру жұмыстарын жүргіземіз. Интернет-алаяқтық болса, арызда көрсетілген мәліметтер бойынша, шағымданушының айтуына орай ақша аударылған есеп шоттарды тексереміз. Ең өкініштісі сол – тұрғындар алаяқтардан алданғанын өте кеш хабарлайды. Бір аптадан соң, бір айдан соң ол қаржы шетелге шығып кеткесін тым кеш айтатыны қынжылтады. Әйтпесе, бір күннің ішіндегі ұрланған ақшаны сол күні банк арқылы блоктап, қайтаруға мүмкіндік бар. Ол жағынан алғанда, бізде мол тәжірибе бар. Қаржы шетел аспауы үшін жедел қызметке тезірек хабарласып, мән-жайды анықтаса, алаяқтарға тұсау жасап, шұғыл құрықтауға да болады. Қазақстан аумағында алаяқтарға көмектесіп отырған топтық қылмыс өкілдері бар, олардың көбі жұмыссыз, интернет арқылы жеңіл пайда табуды көздейді. Адамдар осындай алаяқтардың арбауына жиі түседі. Олар шетелдегі сыбайластарына сым карта алып жібереді немесе өздеріне карта тіркеп, оны сол алаяқ жемтіктерестеріне салып жібереді. Осындай әрекеттермен азаматтарымыз қылмыстық әрекеттерімен ұсталып, жауапкершілікке тартылууда. Оларға ҚР Қылмыстық Кодексінің 190-бабы бойынша екінші бөлігінің төртінші тармағындағы «Алаяқтық» бойынша интернет-алаяқтық үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген, – дейді сарапшы Жандос Сүйінбай.

– Шетелдегі әріптестерімізбен бірлескен іс-шаралар жүргізіп жатырмыз, мысалы, былтырғы жылы Украина жақтан көбіне біздің азаматтармен бірлесіп, түрлі алаяқтық әрекеттерге барғандарды құрықтадық. Днепр қаласында 40 адам ұсталды, біз де сол жақта іссапармен барып, алаяқтарды ұстау операциясына қатыстық. Мұндай іс-шаралар үнемі жүргізіліп тұрады.

ҚАНДАЙ ШАРАЛАР ҚОЛДАНЫЛАДЫ?

– Алаяқтар шетелде отырып алып арнайы бағдарламалық жасақтамаларды пайдаланып, біздің азаматтарға телефон арқылы хабарласады. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп, жалған нөмірлер арқылы адамдарға қоңырау шалатын телефондарды бұғаттауды жүзеге асырамыз. Қазіргі таңда арнайы жүйе енгізіліп, фейк нөмірлер арқылы хабарласатын алаяқтарға қарсы жұмыс басқа да құзыретті органдармен, Прокуратурамен бірлескен «Жол картасы» бойынша киберқылмысқа қарсы жұмыс жүйелі жүргізілууда. Бұл істе, әсіресе, қылмыстың алдын алу маңызды. Ақпараттық кеңістікте қандай қылмыс бары, олардың түрлері, барлығы халыққа жан-жақты түсіндіріледі. Онда алаяқтан қалай қорғану керектігі, кездесе қалса, қандай әрекеттер жасауы бәрін бейнероликтер арқылы, БАҚ-қа шығулар арқылы жүйелі жүргіземіз, – дейді Ж.Сүйінбай.

АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІКТІ ҚОРҒАУ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ?

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті ақпараттық қауіпсіздік (киберқауіпсіздік) мәдениетінің деңгейін арттыру мақсатында жыл сайын Комитет ақпараттық қауіпсіздік қатерлері және адами капиталды дамыту туралы мемлекет қабылдайтын шаралардың тиімділігін бағалау үшін әлеуметтану зерттеуін жүргізеді. Зерттеу барысында 3 республикалық маңызы бар қала мен 17 облыс, аудан орталықтарынан 6000 адамға (18 жастағы және одан асқан тұрғындар арасында) сауалнама жүргізілген. Нәтижесінде, ақпараттық қауіпсіздік қатері Қазақстандағы ең өзекті мәселе екендігі анықталды. Жалпы, ақпараттық қауіпсіздік (киберқауіпсіздік) қатерлері туралы халықтың хабардар болу көрсеткіштері 2018 жылы 62,9% болса, 2021 жылы 75%-ды, 2022 жылы 77,4%-ды құраған.

Әлеуметтік желідегі әлімжеттік пен алаяқтықтан көбіне зардап шегетін – үлкендердің арбауына түсіп қалатын балалар мен жасөспірімдер.

АҚПАРАТТЫҚ ҚА-УІПСІЗДІК (КИБЕРҚА-УІПСІЗДІК) ҚАТЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚТЫҢ ХА-БАРДАР БОЛУ КӨРСЕТ-КІШТЕРІ 2018 ЖЫЛЫ 62,9% БОЛСА, 2021 ЖЫЛЫ 75%-ДЫ, 2022 ЖЫЛЫ 77,4%-ДЫ ҚҰРАҒАН

Ата-аналарға арналған ұсыныстар:

• Жасөспірімдердің қатысуымен интернетке кірудің үй ережелерінің тізімін жасаңыз және оны сөзсіз орындауды талап етіңіз. Балаңызбен тыйым салынған сайттардың тізімін («қара тізім»), интернеттегі жұмыс уақытын, интернеттегі байланыс нұсқаулығын (соның ішінде чаттарда) талқылаңыз.

– Интернет желісіне қосылған компьютер ортақ бөлмеде болуы керек.

– Шынайы өмірдегі достар туралы сөйлескендей, интернеттегі достарымен немен айналысатындары туралы балалармен сөйлесуді ұмытпаңыз. Бұл адамдардың таныс екеніне көз жеткізу үшін балалар жедел хабар алмасу қызметтері арқылы байланысатын адамдар туралы сұраңыз.

– Стандартты ата-ана бақылауына қосымша ретінде қажетсіз мазмұнды блоктау құралдарын пайдаланыңыз.

– Сіздің балаларыңыз қандай чаттарды қолданатынын білуіңіз керек. Модераторлық чаттарды пайдалануды ынталандырыңыз және балалардың жеке режимде сөйлеспеуін талап етіңіз.

Бұл ақпараттардың пайдасы зор. Балаңыздың интернетті пайдалануын үнемі бақылау – оның жеке кеңістігін бұзу емес, сақтық шараларын күшейту және ата-ананың жауапкершілігі мен қамқорлығының көрінісі деп қабылдау керек.

Күннен күнге киберқылмыспен күрестің өзектілігі барған сайын арта түсті. Киберқауіпсіздік тұжырымдамасы жасалып, қауіпсіздік ахуалы қуатты және әрекет ете алатын мемлекеттің өлшеміне айналу бойынша жұмыстар жасалуда. Қазіргідей заманда адамзаттың терроризмнің белең алуымен бетпе-бет келіп отырған кезінде қылмыскерлердің деструктивті күштерді қаржыландыратындарға, шетелдік террористік ұйымдармен байланыс жасайтындарға қарсы күрес жүргізу ісі негізгі мәселе қашанда өзекті күйінде қалып отыр.



РЕКРУТЕР-АЛАЯҚТЫҢ АРБАУЫНА ТҮСПЕҢІЗ!

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

МЕССЕНДЖЕРЛЕРДІҢ КӨМЕГІМЕН «ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУҒА» БОЛА МА?

Жұмыс іздеген адамдар қандай да болсын жұмысты қарастырып кезде арадағы делдалдар мен жалған жұмыс берушілерге жиі жолығып жатады. Сіз жайшылықта рекрутер-алаяқ дегенді естігеніңіз бар ма? Олар аңқауларды қалай құрығына түсіреді? Fingramota.kz сайтының материалдарына сүйене отырып, мамандардың көмегімен рекрутер-алаяқтың құрығына қалай түспеуге болатыны және күмәнді ұсыныстарды қалай ажыратуға болатыны туралы кеңірек аңгімелейік.

Қазіргі кезде ең танымал әлеуметтік желілер – Telegram мен WhatsApp-та жалақысы жоғары жұмыс ұсынатын көптеген арналар мен топтық чаттар бар. Алайда әлеуетті жұмыс берушіні таңдау кезінде әр адам мұқият болуы керек және ешқандай жағдайда ешкімге жеке басының мәліметтерін жібермеуі керек. Мысалы, мессенджерде сізге қандай да бір интернет-дүкеннің тауарларына жағымды пікірлер жазу туралы жұмыс ұсыныс түсті делік. Бір пікірдің бағасы – 2 000 теңге, ал жұмыс беруші «Сіз күніне 200 000 теңгеге дейін ақша таба аласыз» деп уәде береді. Жұмыс іздеп сабылып жүргендіктен, сіз бірден келіссіз. Алаяқтар іле-шала жеке куәлігіңіздің көшірмесін, банк карточкасының нөмірін және тіркелген мекенжайыңызды жіберуді сұрайды. Сіз ол жерде бірнеше күн жұмыс істеуіңіз мүмкін, белгілі бір ақша да аласыз. Бірақ алаяқтар көп ұзамай сізбен байланысын үзеді. Уақыт өте келе сізге банктен қоңырау шалып, ай сайынғы несиеніңіздің жарнасын төлеуді талап етеді. Полицияға барып, бірденің дәлелдеуіңіз екіталай. Себебі қарыз алу үшін сіз өзіңіз жұмыс берушіге жіберген барлық қажетті деректерді беріп қойдыңыз. Еріксіз бармақ шайнап қаласыз.

МАРКЕТПЛЕЙСТЕР АРҚЫЛЫ «ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ»

Қазір алаяқтар әртүрлі әлеуметтік желілер арқылы жұмысқа шақыратын жағдайлар жиілеп кетті. Бұл жердегі алаяқтықтың сызбасы мынадай: жалған жұмыс берушілер азаматтарды қызығарлық ұсыныстармен жұмысқа шақырады. Егер бірден қызығушылық танытып, көрсетілген нөмірге немесе тікелей аккаунтқа жазсаңыз, сізден шағын тестілік тапсырманы орындауды және көрсетілген шотқа «кепіл» ретінде азғантай сома аударуды

Қазір жұмыс іздеген адамдар көбінесе интернеттің көмегін пайдаланады. Бұл бір жағынан оңай, өзінің түйіндемесін тезірек дайындап, жұмыс берушілерге жібереді. Көп ұзамай жауабын алады. Алайда адамдардың аңқаулығы мен сенгіштігін біліп алған алаяқтар мұндай сәттерді арам ниетіне тиімді пайдаланады.

сұрайды. Ең бастысы, бұл сома жай ғана формальды нәрсе екеніне және оны төлегеннен кейін сізге теріп берген мәтіндер үшін бірден қаламақы беріледі деп сендіреді. Ақшаны аударғаннан кейін алаяқтар сізді бұғаттайды және орындаған тапсырма үшін төлемді де, аударған кепіл жарнаңызды да ала алмайсыз.

Соңғы кездері әлеуметтік желілерден маркетингтік ақша табу курстарын жиі кездестіруге болады. Алаяқтар мұндай мүмкіндікті де пайдаланып қалуға тырысып бағуда және алдаудың жаңа сызбасын жасап үлгерді: оның мәні мынада – сіз танымал интернет-дүкендердің жалған веб-сайтына кіріп, қызметкер ретінде тіркелуіңіз керек. Алайда тіркелу кезінде сізден телефон нөмірін көрсету және теңгермені толтыру талап етіледі. Осылайша, алаяқтар азаматтардың төлем карточкаларының деректерін қолына түсіреді. Бұған дейін алаяқтар адамдардың деректерін пікір жазудан өткені үшін ақша төлеуді уәде етіп алатын. Демек, қандай жағдайда болмасын сақтық қажет!

ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРДІ ЕШКІМГЕ БЕРМЕҢІЗ!

Алаяқтардың ең бірінші мақсаты – жұмыс іздеп жүрген адамды құрығына түсіру. Жұмысқа аламыз деп кепілдік беру – бұл нақты әрі тартымды тұжырым. Мұндай сөзге жұмыссыз адам бірден сеніп қалады. Мысалы, жұмыс іздеген адамға жеделдетілген бағдарлама бойынша оқуға ұсыныс жасайды, сол оқуды бітірген соң ол 100 пайыз жұмысқа қабылданады деп сендіреді. Жұмысқа тұрушы әуелі оқудың немесе курстың ақысын төлейді, ал төлемді алғаннан кейін жалған жұмыс беруші ізін суытады. Нәтижесінде – жұмыс та жоқ, кепілдік те жоқ. Сан соғып, өкініп қалады.

Сізге рекрутер қоңырау шалып немесе әлеуметтік желі арқылы жазып, белгісіз бір компанияға жұмысқа шақырады. Содан кейін ол жеке куәліктің көшірмесін және жеке басыңыздың деректері бар басқа құжаттарды жіберуді сұрайды, жеке нөмірге келетін SMS-код арқылы еңбек шартына қол қою қажет деп алдайды. Шын мәнінде бұл деректер сіздің атыңызға қарыз алу үшін қажет.

Мұндай жағдайларда мынадай қарапайым ережені есте сақтау маңызды – адал жұмыс беруші немесе қашықтан кадрларды іріктеу агенттігі еңбек шартын SMS-код арқылы қол қою жолымен рәсімдемейді. Бұл тек алаяқтардың ісі болуы мүмкін!

Жалған жұмыс берушілер мен жалған сатып алушылардан сақтану жөнінде мамандар мынадай нәрселерді есте сақтауды ұсынады:

1. Жұмыс берушілерді үнемі тексеріңіз – оны жүзеге асыруға арнайы қызметтер, сондай-ақ интернеттегі іздеу жүйесі көмектеседі. Алаяқтардан зардап шеккендер әлеуметтік желілерде өз бастарынан өткен оқиғаларымен жиі бөлісіп отырады, ал мамандар сұхбаттарында ескертулер айтады, сізге жұмыс ұсынғандарды «қара тізімнен» кездестіруіңіз ғажап емес. Өзіңіздің дербес деректеріңізді ешқашан бөтен адамдарға жібермеңіз, шынайы алаяқтар адамдардың деректерін пікір жазудан өткені үшін ақша төлеуді уәде етіп алатын. Демек, қандай жағдайда болмасын сақтық қажет!

2. Кепіл төлеуге келіспеніз, компанияға білікті қызметкерлер тартуға мүдделі адамдар мұндай схемамен жұмыс істемейді. Шын мәнісінде, сізден тест тапсырмасын орындауыңызды сұраулары мүмкін, әдетте, егер сіздің жұмысыңыз олардың көңілдерінен шықса, штатқа жұмысқа қабылдауы мүмкін.

3. Рекрутерден компания жөнінде ақпарат сұратыңыз, нақтылайтын сұрақтар қойыңыз, көп жағдайда алаяқтар сізге толыққанды жауап бере алмайды немесе сөйлесуді доғарады, себебі олар дайындалған адаммен өзара қарым-қатынасқа түсуге мүдделі емес.

4. Күмәнді сайттарға кірмеңіз және онда дербес деректеріңізді енгізбеңіз, алаяқтардың қолына нұғұрлым көп ақпарат түссе, оларға сіздің картаңызды «тазалу» соғұрлым жеңілрек болады. 5. Жұмыс берушінің сөйлесу мәнеріне назар аударыңыз – алаяқтар көп жағдайда алдын ала жазылған сценарийлер бойынша әрекет етеді және олардың сөйлесу мәнері қарапайым адамдардың сөйлесуінен өзгеше болады.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

– Қазір Қосшы қаласында қолында 1500 ұлттық аспап ұстап отырған ініміз бар. Соны алақандай, қуықтай жерде сақтап отыр. «Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы бас қаладан әдемі жерді тауып, сол аспаптарды орналастырып, неге туристік орталыққа айналдырмастақ? – дейді Төлеген Қуанышев.

Алматы қаласында Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі бар. Бұл мәдени ошақтың негізін көрнекті мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков қалады. Соны еске салған Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Зулфухар Ғайыпов осы үлгімен елордада да музей ашылса, туристерді тартуға үлкен септігін тигізеді деп есептейді.

Жында Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Сапаров бұл мәселені қарастыруға уәде берді. Айтқандай, «Астана ақшамы» газеті елордада өлкетану музейін ашу мәселесін бірнеше рет көтерді. Қуаныш Сапаровтың айтуынша, бұл мәселе қазір тиісті органдарда жан-жақты талқыланып жатыр.

– Шынымен Астана қаласының тарихи-өлкетану музейі болуы керек. Бұл нысан қаланың кешегінен сыр шертіп, бүгінгі таныстырады. Осы мәселе бір жақты болғаннан кейін қаланың Қоғамдық кеңесінің талқылауына шығарамыз, – дейді басқарма басшысының орынбасары.

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Төлеген Қуанышевтің пікірінше, кірме мәдениетті көп насихаттаймыз. Ұлттық мұраны дәріптеу жағай жеткіліксіз болып отыр.

– Отыз жылда талай елдің мәдениетін дәріптеп, мәдени ошақтарды салып жатырмыз. Елордада «Астана Опера», «Астана Балет» театрлары ашылды. Кезінде ұлттық нақышта театр тәртізді «Тілеп қобыз» сарайы салынды. Бірақ қазір бұл нысан өзінің нақты функциясын атқармай отырған секілді. Енді ұлттық нақыштағы мәдениет орталығын ашатын кез келді. Бұл мәселе шегіне жетті. Басқа ұлттарды



ЕЛОРДАҒА ҰЛТТЫҚ АСПАПТАР МУЗЕЙІ КЕРЕК ПЕ?

Әлемді тек қана төл өнерімізбен таңғалдыра аламыз. Елімізге туристерді тартудың да бірден-бір тетігі – тарихы терең, мәекті мәдениеті бар ұлт екенімізді танытатын нысандарды салу. Әсіресе, мұндай нысандар ел жүрегі саналатын елордада болғаны ләзім. Жуырда Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің туризм мәселелері талқыланған отырысында кеңес мүшесі Төлеген Қуанышев елорда іргесіндегі Қосшы қаласындағы ұлттық аспаптар музейін бас қалаға көшіру мәселесін көтерді. Бұл ұсынысты әріптестері қолдады.

қарасақ, мысалы, Әзербайжан еліндегі ұлттық орталық көрген адамды таңғалдырады. Біздер неге осы жолмен жүрмейміз? Өңірлер Астанаға қарап бой түзейді. Біздер бастасақ, бұл ел бойынша қарқын алып кетеді, – дейді Төлеген Қуанышев.

Қосшы қаласындағы ұлттық музыкалық интерактивті музейіне келсек, бұл мәдени ошақ былтырғы жазда аталмыш шаһар әкімдігінің қолдауымен жергілікті мәдениет үйінің жанынан ашылды. Онда ұлттық аспаптарды жасайтын шеберхана да жұмыс істейді. Музейдің жетекшісі Азамат Бақияны кешегі Болат Сарыбаевтың ізбасары деп атасақ



Экспедициялық зерттеулер арқылы түркі тілдес халықтардың музыкалық аспаптарын қазақтың музыкалық аспаптарымен байланыстыра отырып, ғылыми жұмыстар жүргізіп, жинақтауда. Жеке қорында 1600-ден астам аспап жинақталып, Қосшы қаласында ашылған ұлттық музыкалық интерактивті музейінде сақталуда

та болады. Себебі ол – қазақтың ұмыт қалған аспаптарын зерттеп, қайта жаңғыртып отырған азамат. Кәсіби музыкалық білім алып, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын «Фольклорлық аспаптар» мамандығы бойынша тәмамдады, өнер бакалавры дәрежесі бар. Білімін жетілдіру мақсатында Алматы құрылыс және кәсіптік колледжінде «Аспап жасаушы шебер» мамандығы бойынша оқыды.

Экспедициялық зерттеулер арқылы түркі тілдес халықтардың музыкалық аспаптарын қазақтың музыкалық аспаптарымен байланыстыра отырып, ғылыми жұмыстар жүргізіп, жинақтауда.

Жеке қорында 1600-ден астам аспап жинақталып, Қосшы қаласында ашылған ұлттық музыкалық интерактивті музейінде сақталуда. Аспаптар қатарында шертелі ішекті аспаптар: шертер, үш ішекті домбыра, шіңкілдек. Үрлемелі аспаптар: үлдек, тастауық, үскірік, қосайрауық, сазсырнай. Шайқас кезінде және аңшылықта қолданылатын аспаптар: керней, ұра, бұғышақ, мүйіз сырнай. Сыбызғы түрлері: жез сыбызғы, қылқобыз, ортеке басқа да көптеген аспаптар бар.

Музей ашылған күннен Қосшы қаласының туристік әлеуетінің артуына үлкен үлесін қосып отыр десек, қателесе қоймаспыз. Елордадан зиялы қауым өкілдері аталмыш музейге жиі барады. Мәселен, күні кеше ғана мемлекет және қоғам қайраткері Алихан Байменов барып көрді. «Ғажап әсер алып қайттық. Қорда белгілі, танымал аспаптардың алуан түрімен қатар қолданыстан шығып, ұмытыла бастаған аспаптар да жинақталған екен. Мысалы, мен үшін барбыт, доңызқауақ, қазақ кернейі секілді аспаптар таңсық болды» деп жазды ол Facebook-тегі парақшасында.

Азаматтан музейді елордаға көшіру туралы Астана қаласы Қоғамдық кеңесінде айтылған ұсынысқа пікірін сұрадық. «Мен Қосшы қаласына орналастым. Өте берекелі жер, жақсы жұмыс істеп жатырмын. Барлық жағдай жасалған, температура, ылғалдық дегендей бәрі сақталған» деген оның сөзінен ықыласты емес екенін аңғардық.

Айтпақшы, Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясына қарасты «Сарыарқа» фольклорлық ансамблі, осы өнер ұжымының көркемдік жетекшісі Тоғжан Жахин білім ошақтарында «Ұлттық аспаптар әлеміне саяхат» дәрісін өткізіп жүр. Елордада ұлттық аспаптар музейі болса, бұл ісі ілеріпер еді деп есептейміз. Қалай дегенмен, Астанаға осындай музей керек. Тиісті мәселе көтерілді. Енді Қосшы қаласынан дайын музей елордаға көшіріле ме, жоқ тыңнан ашыла ма уақыт көрсетер. Бір анығы, осындай нысанның пайдасы болмаса, зияны болмайды.

ЕССІЗ ТЫҢДАРМАНҒА – ЕСЕР ӘН

Екі бірдей баласын тұншықтырып өлтірген келіншектің әлеуметтік желідегі соңғы жазбасында балалары мен өзінің қолының суретін салып, «Жүректеріміз мәңгі бірге» деп жазыпты. Оған Нұрмахан есімді әншінің «Бізге берілген уақыт аз ғана» деген әнін қосқанын білдік. Әрине, жанымызды түршіктірген жағдай туралы айтуға сөзіміз жоқ. Жай-жапсарын анықтауды құзіретті органның мамандарына қалдырып, пенделік қызығушылықпен бұл әнді неліктен таңдады дегенде, іште жүрген бір жайттың ұштығын шығарды.

Айгүл
УАИС

Рас, қоғамның рухани дағдарыста екенін жоққа шығармаймыз. Бүгінде ішер ас пен киер киімнің жоқтығынан емес, күйзелістен күйреп барамыз. Адам баласы өмірлік бағдарынан айырылып күн санап қоғамнан оқшауланып, өз күйігіне өзі өртеніп жатқандай. Әлгі келіншектің де жазып қалдырған: «Күн батып, күн шығып,

Бітпейді тіршілік. Ешкімге айталмай, Барамын тұншығып, есейі» деген жоқтаудай күңіренген жолдары тұйыққа тірелген сорлының жүрегін езіп, одан сайын егіткен сияқты. Ақыры не болды?!

Ән-жырдың қазақтың өмірінде орны бөлек. Тек қазақ емес, адамзат пайда болғалы дүние есігін ашқаннан, есігін жапқанға дейін жанына серік еткен өнердің көне түрлерінің бірі болып табы-

лады. Бір ән рухыңды көтеріп, жеңістерге де бастайды. Әрбір сөзі, қайырмасы тіліңнің ұшында үйіріліп, белгілі бір эмоцияларды бастан кешкенде еріксіз ыңылдап жеңілдеп қаламыз. Әннің әрбір сөзінің түпсанамызға тікелей әсер етіп, хатталып қалады. Яғни бұл сол әндерді тыңдаған кездегі қалай көңіл күйіміздің көтеріліп немесе қалай құлазығаны түпсанадағы әсерінен сезіледі. Осылайша жақсысын да жаманын да қайта-қайта

тыңдаған сайын санамызды салмағымен нығыздай түседі. Әннің де естісі бар, есері бар дегеніміз осы шығар. Жаныңды жадыратар жақсы әнді іздеп тұрамыз. Сол әнді тыңдағымыз келеді. Бірақ не тыңдап жүрміз?

Осы күні күйзелген халықты күңірену қызық па, қазіргі әншілеріміз осындай бір мұңлы ырғаққа құрылған, азалы үнмен демігіп ыңырсыған, дүниеден бездіріп жіберетін әндерге құмар-ақ. Қиялының

қалтарысындағы махаббаттарына ысып-жанып, баз кешіп, күңіренген сайын, әндері «хит» болып жатыр.

Қазақтың қай баласы жастайынан театрға барып, классикалық өнер жанрымен тұшынды дейсіз?! Осындай ортан қол әндер талғамымызды тоздырып, рухани кеңістігімізді толтыруда. Мұндай бұқаралық мәдениеттің кең таралуы адамның жеке тұлға ретіндегі қалпынан шығарып, деградациясына алып келеді. Жастар шынайы сезімнің шекарасын парықтамай, өмірдің нақты бір мұңлы ырғаққа құрылған, азалы үнмен демігіп ыңырсыған, дүниеден бездіріп жіберетін әндерге құмар-ақ. Қиялының

қалтарысындағы махаббаттарына ысып-жанып, баз кешіп, күңіренген сайын, әндері «хит» болып жатыр. Қазақтың қай баласы жастайынан театрға барып, классикалық өнер жанрымен тұшынды дейсіз?! Осындай ортан қол әндер талғамымызды тоздырып, рухани кеңістігімізді толтыруда. Мұндай бұқаралық мәдениеттің кең таралуы адамның жеке тұлға ретіндегі қалпынан шығарып, деградациясына алып келеді. Жастар шынайы сезімнің шекарасын парықтамай, өмірдің нақты бір мұңлы ырғаққа құрылған, азалы үнмен демігіп ыңырсыған, дүниеден бездіріп жіберетін әндерге құмар-ақ. Қиялының

қалтарысындағы махаббаттарына ысып-жанып, баз кешіп, күңіренген сайын, әндері «хит» болып жатыр. Қазақтың қай баласы жастайынан театрға барып, классикалық өнер жанрымен тұшынды дейсіз?! Осындай ортан қол әндер талғамымызды тоздырып, рухани кеңістігімізді толтыруда. Мұндай бұқаралық мәдениеттің кең таралуы адамның жеке тұлға ретіндегі қалпынан шығарып, деградациясына алып келеді. Жастар шынайы сезімнің шекарасын парықтамай, өмірдің нақты бір мұңлы ырғаққа құрылған, азалы үнмен демігіп ыңырсыған, дүниеден бездіріп жіберетін әндерге құмар-ақ. Қиялының

үлгілерді пайдаланбай талғампаз тыңдаушының құлағына түрпіледі тиетін дүниесін тықпалап жатыр. Басынан бастап сүйем-күйемге, торығып, түңілуді дәреже етіп көрсететін сөздерді қайта-қайта қайталай түсіп, тыңдаушысын меңдуанаға уланғандай меңіреу етіп барады. Оны беті жылтыраған, үлде мен бұлдеген оранғандар тәулігіне 24 сағаттап теледидардан, радиодан интернеттен насихаттаса не дейміз?!

Кез келген өнер туындысы адамның рухани сұранысынан туындаған ең алдымен, бірінші кезектегі қажеттіліктерді қанағаттандыруға, жеке тұлғаның моральдық жетілуіне, талғамының биіктеуіне әсемдікпен үндесуіне тәрбиелейді. Қазіргі өнерден көп нәрсе күте алмайтын жағдайдамыз. Өнер коммерцияландырылды. Ендігі мақсаты – «ойға азық» беру емес, арзан, жылтыр сөзбен алдаусыратып, терең бойлатпай, көңіл көтеруге ықпалдау. Ішкі сезімдерін оңды-солды жалаңаштаудан ғашықтық, махаббат сияқты көусар қымбатымыз нәпсінің аяғында тапталып қалды. Әннің жылтыр сөзіне, күмөнді ырғағына мастанған жастар жылт сезімнің ғана құлы болып, нақты өмірдегі сүйіспеншіліктің, жалпы адам сүйеншіліктің мағынасын түсінуден қалып барады.

Мейірім, отансүйгіштік, отбасы елі мен жерін жырлайтын әндер сән емес. Сонда да бұқаралық мәдениеттің кері әсерін болдырмау үшін әрекет еткен жөн болар. Әншілердің репертуарларын қарап жылтырларын арылатын кезек еді. Қазақтың ән-жыр өнерін құлдыратуды шектеудің амалын қарастырып жөн. Халық әндерінің, дәстүрлі жырлардың о бастағы халық қажеттіліктерінің қанағаттандырудағы басты міндетін атқаруына жол ашу. Оны жастардың бойына қазақшылық тәрбиелеудегі, мейірім мен сүйіспеншіліктің отансүйгіштің нақты сипатын, сан қырын танытудағы бір құралына айналдыру абзал іс болмақ. Бұқаралық мәдениеттің топан суына қарсы тұру арқылы, ұлттық, классикалық, элиталық мәдениеттің жоғары деңгейінің идеалдарын енгізу, насихаттау, мектеп бағдарламаларына енгізіп, оқыту арқылы талғам түзетіп, әсіре қызылға қарсы тұратын қабілетімізді қалыптастырармыз.

Жеке тұлғаның мәдениеті мен құндылықтарының қалыптасуы бұқаралық мәдениеттің әсерінен де жүзеге асатыны көріп отырмыз. Демек, бұл бағытта босандық танытсақ, күңіренгеннің күні сонда болмақ.

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕӘЛЕМ ЕЛДЕРІНІҢ
ТӘЖІРИБЕСІ

Алдымен әлем елдерінің тәжірибесіне мән берсек. Жер бетінде бойлық сызыққа байланысты біріккен 24 сағат белдеуі бар. Кейбір уақыт белдеуіндегі айырмашылық 30-45 минутты ғана құрайды. Теорияда әрбір 1 сағат уақыт белдеуі ені 15 градус, бұл орташа күн уақытындағы 1 сағат айырмашылықты көрсетеді. 1884 жылы Гринвич меридианы (солтүстіктен оңтүстік полюске өтетін сызықты немесе шеңберді сипаттайды) бойынша орташа уақыт анықталды. 1929 жылы әлем елдері осы шеңбер бойынша сағатын түзетті. Бұл бойынша Токио қаласында сағат уақыты 17:00 болса, Пекинде 16:00-ді, Астанада 14:00-ді, Бакуде 12:00-ді, Мәскеуде 11:00-ді, Берлинде 9:00-ді, Лондонда 8:00-ді көрсетсе, Вашингтонда түнгі 3:00-ге сай келеді.

Әлемде уақыт белдеуі ең көп ел – Ресей Федерациясы. Онда 11 уақыт белдеуі бар. Мәселен, Калининградта сағат 9:00 болғанда, Мәскеуде 10:00-ді, Омбыда 13:00-ді, Иркутскта 15:00-ді, Владивостокта 17:00-ді, соңғысы Чукотка автономиялық округінің астанасы Анадырьда 19:00-ді көрсетеді. Яғни Ресейдің бір шетінде таң атып жатса, бір қиырында күн батып жатады. Еуропа мен Азияны тұтас қамтитын Ресей сынды Қазақстанда сағат айырмашылығы болмаса да, оразаның кезіндегі ауызашарда Алтай мен Атырау арасындағы уақыт айырмашылығының әрбір минутын сезінеміз.

АҚШ 4 уақыт белдеуі бойынша сағатын белгілейді. Олар: Тынық мұхиты сағат белдеуі –

БІР УАҚЫТ БЕЛДЕУІНІҢ
МАҢЫЗЫ НЕДЕ?

2024 жылдың 1 наурызынан бастап елімізде сағат ауысады. Бұл жаңалықты адамдар әр түрлі қабылдап, өзінің пайым-пікірін ортаға салуда. Біз Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетіне хабарласып, сағатты біріздендірудің мән-маңызын білдік.

UTC08, таулы аймақтың сағат белдеуі – UTC07, орталық сағат белдеуі – UTC06, шығыс сағат белдеуі – UTC05 болып бөлінеді. Дегенмен территориясы үлкен елдер, мысалы, Үндістан мен Қытай тек 1 уақыт белдеуін пайдаланады. 1912-1949 жылдар аралығында Қытайда 5 уақыт белдеуі болды. 1949 жылы Мао Цзэдун билікке келуімен елде ортақ уақыт – Бейжің сағатына бағыну басталды. Пекиннің уақыты Ресейдің Иркутск қаласына тең, яғни UTC+8 белдеуіне сай келеді. Оның қиындығы да жоқ емес. Қытай астанасында тұс болғанда, шығыс өңірлерінде таң атып жатса, батыс өңірлерді қараңғылық басады. Алайда ресми Пекин бір уақыт белдеуінен бас тартпайды. Өйткені орталықтандырылған билік жүйесіне ең тиімдісі UTC+8 белдеуі болып тұр.

Стандартты бір уақытқа бағынатын 175 ел бар. Бұл қатарға Өзбекстан мен Иранды қосуға әбден болады. Бұл елдер орталықтандырылған билік жүйесімен ерекшеленеді. Бір

қызығы, мұхит аралдарындағы бағынышты жерлерін қосқанда, Францияда 12, Британияда 8 уақыт белдеуі шығады. Алайда Батыс Еуропадағы екі ел де бір сағат белдеуіне бағынады.

ҚАЗАҚСТАН ҚАДАМЫ
ҚОЛАЙЛЫ МА?

2023 жылдың сәуірінде Сауда және интеграция министрлігі жанынан ведомствоаралық жұмыс тобы құрылып, оның құрамына В.Фесенков атындағы Астрофизика институты, Генетика және физиология институты, География және су қауіпсіздігі институты, М.Айтхожин атындағы молекулалық биология және биохимия институты, Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары, Парламент депутаттары, қоғам белсенділері еніп, UTC+6 уақыт

белдеуі табиғи күн уақытына сәйкес келмейтінін айтып, денсаулыққа теріс әсер ететінін анықтады (Қазақстан UTC+5 және UTC+6 уақыт белдеуін қолданады). Енді сарапшылар ағзаның биологиялық сағаттарын сақтау үшін бүкіл ел бойынша UTC+5 бірыңғай уақытына көшуді ұсынды.

– Уақытты есептеудің әлемдік практикасын, басқа елдердің уақыт белдеуін қолдану тәжірибесін зерделеп және Барселона декларациясының ғылыми консенсусына сүйеніп, ел аумағында бірыңғай UTC+5 уақыт белдеуін қолдану тиімді деген шешім шығардық. Бірыңғай уақыт белдеуін белгілеу мемлекеттегі логистика, көлік, банк мәселелерін үндестіруге мүмкіндік береді. Яғни бизнес-

ті жүргізуге жағымды әсер етеді, өңірлер арасындағы үйлестіруді жеңілдетеді және трансшекаралық байланысты орнатуға көмектеседі, – деп жауап берді Техникалық реттеу және метрология комитетінің төрағасы Қуаныш Елікбаев.

Атырау, БҚО, Маңғыстау, Ақтөбе және Қызылорда облысы 4-сағат белдеуі UTC+4, UTC+1 орналасса, Астана, Шымкент қаласы мен қалған 14 облыс 5-уақыт UTC+5, UTC+1 белдеуінде. Адам денсаулығы, экономика және қауіпсіздік үшін табиғи уақытқа барынша жақын және тұрақты уақыт белдеуін пайдалану маңызды. Екі түрлі сағат белдеуі Түркістан және Қызылорда облысының тұрғындарына қолайсыз болатын. Мәселен,

Жаңақорған ауданында сағат 9:00-де жолға шыққан азамат Түркістан облысының бір ауылына дейін бір сағат жүрді дейік, сонда екінші елді мекенге келгенде әлі сағат 9:00-ді көрсетіп тұрады немесе керісінше болса, уақыттан ұтылады. Бұл адамдарды уақыттан жаңылыстырып, жұмыс өнімділігін төмендететін жайсыз жағдай еді.

Қолданбалы хронологию бойынша маман, қоғам белсендісі Болат Нұрхожаевтың сөзінше, ғылыми консенсусқа сай, уақыт белдеулерін барынша тиімді пайдалану керек. Елдің барлық аймағы UTC+5 бірыңғай уақытына көшуі ұтымды шешім болды.

Қысқасы, 1 наурыздан бастап ел батысындағы өңірлер қолданатын UTC+5 уақыт белдеуімен барлығымыз жүргеніңіз боламыз. Бәлкім, алдағы уақытта жазғы уақытқа ауысатын шығармыз.

АДАМДЫ АДАМ СЫЙЛАУДАН
ҚАЛЫП БАРАДЫАйгүл
УАИС

Есіме Тойлыбек деген адамның оқиғасынан басқа нәрсені түсіре алмадым. Естүімше, мұндай адам Сыр бойында өткен екен. Өткен ғасырдың басында болған қуғын-сүргін кезінде қызыл белсенділердің бірі болыпты. Бірақ жақсы белсенді. Қай байды атып, қай жақсыны жер аудару керек деген үкім шығысымен түнделетіп сол адамды елден қашырып жіберудің амалын жасапты. Ерtesіне өзі сол ауылға келіп, алғи адамды іздеген болып, өзі сілтеген жағынан басқа жаққа іздеп кетеді екен. Қиын-қыстауда қаймықпай, адамшылықтың жолымен жүрген үлкен жүрек иесі бертінге дейін өмір сүрген. Бейбіт заманда ауылдың бір адамы өлсе, туған бауыры өлгеннен бетер «бауырымдап», қаралы үйге алдымен барып көңіл айтады екен. Жаназасында қатардың басында тұрған. Бұл қандай заман болса да адам сүюдің үлгісі – өзеге де, өзіне де, құрметіне де сызат түсірмей өткен нағыз адам емес пе?!

Адам баласы бір қауымда, айналасындағы адамдармен бірге өмір сүреді. Туғанынан бастап сол ортада ержетіп, адамдардың ортасында өмірден өтеді. Өз өмірінде мыңдаған адаммен кездесіп, таныс-біліс болып, өмір сабағынан шыңдалып, кемелдене түседі. Құрдымға да сол ортада кетеді. Қоғамға сіңіп, қатар жүрген адамдардың жақсысымен тіл табысып, жаманымен алыстан сыйласуға ақылы жетуі керек. Сонымен қатар өз қауымының жазылған, жазылмаған заңдылығын ұстанып, сол қоғамның толыққанды мүшесі болу үшін жауапкершілік жүгін арқалап өтеміз. Онсыз болмайды.

«Адам баласын сыйлап көрмеген» деген ауыр сөздің барын білеміз. Жалпы адам сыйлау деген не? Ол – шын жүректен шығатын ұлы ұғым, ірілік пен кісілік және жанның мейірімі.



Енді әркім өз жүрегіне үңілсінші. Адам сүймек түгіл, сыйластық, құрметтен жүрдей болып бара жатқан жоқпыз ба? Мүмкін туғанымыздың жолында жанымыз құрбан дерміз. Сонда да бөтен біреудің пікірі мен ұстанымы, әрекеті өз дегеніміздей болмаса, қабылдай аламыз ба? Біреуді сыйлау өзгенің даралығын ескеру деп те аталады. Оның даралығын өзіңіздің қалпыңызбен өлшеп, өзіңіздей ойлап, өзіңіздей болмағаны үшін сынап-мінемей, талап етпеу – осы сыйластықтың басы. Егер адами нормалардан асып кетпесе, сол қалпында қабылдау деп те айтып жатады. Олардың өз пікірін немесе мінез-құлқын өз қалауыңызша өзгертуді талап етпеу. Егер біреу құздан құлағалы тұрса, оны аяғынан тартып болса да құтқарып қалуға

болады, бірақ мынадай жолмен жүр деп айта аламыз ба? Меніңше, қажеті жоқ нәрсе, әркім өз жолын өзі табуы керек. Бірақ тығырыққа тірелген сол адамдардың жақсы қасиеттерді оятып, оны жарқыратып алып шығып, сол жақсылықтың шуағына өзінің де, өзгенің де қуанышына қолдан келгенше себепші болса ше?!

Жасыратыны жоқ, соңғы кездері осы орта нілдей бұзылды. Алдымен «шала қазақтан» басталды, оған сопылар, ухабтар, тәңіршілдер, тағы басқа діни ағым өкілдері қосылды, сондықтан олардан бойымызды аулақ ұстаймыз. Айналып келгенде, бір қазақ емес пе, неге бір-бірімізге мейірімсіз, адасқаны бар, адаспағаны бар, жау көргендей болдық. Арғы жағында өзіміздік жатқан жоқ па?!

Жібек БОЛТАНОВА,
Геральдикалық зерттеу орталығы
зерттеуші бастышы:

«Ата заңымыздың 1-бабында «еліміздің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылған. Мына заманда сол адам қара басының қадір-қасиетінен айырылып, құндылық болмай қалғандай. Осы мемлекеттің, елдің бірінші құндылығы адам болса, қазіргі қоғам үшін адамдар ешкім де емес. Осының бәрі – ата салтымыздан ажырап, жаһанданып бара жатқанымыздың алғашқы көрінісі. Адамдар өзімізшіл, төкаппар, дәулеті тасыса астамшыл болып барады. Солар алға шыққанда, қарапайым халық соларға қарап жерініп барады. Өзі үшін ғана өмір сүру деген қорқынышты нәрсе еді. Қазақ танымында көптен ажырамаған. «Көппен көрген ұлы той», «Жалғыздық Құдайға ғана жарасқан» дейді. Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адасуға дайын халық жалғыздың арты қоғамнан оқшаулану, тұйыққа тірелу екенін білген соң айтқан болар. Адам тұйықталғанда өмірдің мәнінен айырылады, өзіне деген сенімнен айырылғанда түңіледі. Адамды сондай халге әкеледі. Ортада өмір сүрген адам, мысалы, мектептің өзін алайық, ұстазымыздың, қала белді ауыл адамдарының бізге деген сенімі, ықыласы арқылы өзімізге деген сенім мен құрмет қалыптасып, бөтен ойға бой алдырмадық. Біздің қазақ сайын өзін-өзі жоғары көтеріп, ең жаман қасиеттерді сіңіріп, бөтен жолға түседі. Ұлық болған сайын кішік болу – қазақы болмысымыздың басты қасиеті. Сол қасиет қалмағанда, адам биік қалпында қалмайды».

Пікір иесі айтқандай, көпшіл халықтың ортасы өмір сүруге қолайлы, ұл-қызының болашағына да жайлы болуы тиіс. Ал мына дүние көкпар сияқты. Әсіресе әлеуметтік желі. Мән бермес пе едік, бірақ бұл да халық мәдениеті өресінің бір көрсеткіші болмаса. Егер әлеуметтік желіде айтарым бар дейтіндер отырмаса. Ең мәдениеттің желіні алақұйын етеді. Келелі әңгімені айта да білу керек, оны талдай да білу керек. Пікір айтқанда қазақы ойлау дәстүріміздің, қазақы мәдениетіміздің шегінен аспаған жақсы. Көп қазақтың баласы қосылған жерді қатыгез ортаға айналдырудың қаншалықты қажеті бар? Ауқымды әлеуметтік желіні ауыздықтау қиын болса, осы күні толған чат бар. Ең болмаса сыйластықты сақтау сол шағын ортада қолдан келетін шаруа емес пе?! Оның да сөз саптауын түзеп көрейік, жақсы нәрселерге ұмтылып, сөзбен болса да тәрбиелеуге көшелейік.

Адамның өмірге көзқарасын жақсартып, адами құндылықтар мен идеалдарды жаңғырта түсу аса маңызды. Бұл жерде өзін-өзі құрметтеу, басқаларды сыйлау, саналы, парасатты әрекет пен сезім болуы керек. Яғни біз адамгершілігімізді, қадір-қасиетімізді қазақтың баласы ретінде өсуді, өркендеуді таңдау керек. Өткеннің кегін, өзгенің санамызда қалдырған табын өз жетістіктерімізбен аршып аламыз, өзімізді құрметтейтін қасиетімізбен қарсы тұрамыз. Оны қалпына келтіруге табандылық таныта отырып, аянбай еңбек етуге мәжбүр етеді. Арандатушылардың, ниеті бұзықтардың айтағына ермей, қазақы қасиетіміздің тұнығын шайқаймай, қазақы болмысымызбен ғана жаһандандудың арандай аузына қақпақ бола алармыз, кім біледі?!

МЕРЕЙІ ҮСТЕМ МЕДИАҰСТАХАНА

Жуырда Арқадағы білім мен ғылымның қара шаңырағы – академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің филология факультетінде журналистика кафедрасының 30 жылдық мерейтойына арналған «Медиа білім беру жағдайындағы журналистика және PR» атты форум өтті. Алқалы жиынға алыс-жақыннан келген мәртебелі меймандар: М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жоғары мектебінің академигі, осы кафедраның негізін қалаушы Зарқын Тайшыбай бастаған оқытушы-профессорлар, университет және БАҚ басшылары, әр жылдары оқу бітірген түлектер қатысты.

Форумды ашып, сөз сөйлеген Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Басқарма төрағасы – ректор Нұрлан Дулатбеков кафедра ұжымы мен түлектерін мерейтоймен құттықтап, оқу орданының журналист-түлектерінің бұқараға танымал болуының өзі сапалы білім деңгейінің бір көрсеткіші екенін атап өтті. «Жақында үздік түлектеріміздің бірі Влад Воднев шетелден сәлемін жеткізіп, мерейлі датамен құттықтады. Ол университетте алған білімі арқылы өмірде көп табысқа жеткенін зор мақтанышпен жеткізді. Бұл – біз үшін үлкен құрмет, барлық журналистерге табыс тілеймін!» деді университет ректоры.

Одан кейін құттықтау сөз сөйлеген Орталық және Солтүстік Қазақстанда төл журналистика мектебін қалыптастырып, ұлттық журналистиканың мыңдаған мықты мамандарын даярлаған Зарқын Тайшыбай 30 жыл бұрын осы кафедраны ашу бақытына ие болғанын, алғашқы оқытушылар мен студенттерді қалай қабылдағанын еске алып, тарихи оқиғаларды әсерлі рәуішпен жеткізді. «1993 жылы журналистиканы осы университетте ашу керек дегенде біз білімнің, мәдениеттің ошағы ретіндегі келешегіне сенген едік. Қарағанды университеті сол сенімді үлкен құрметпен ақтап келеді» дей келе, тәуелсіздігіміздің ең бірінші сапындағы күрескерлері – журналистерге сәттілік тіледі.

Форумда кафедраның тарихы туралы қысқаметражды фильм көрсетіліп, мәртебелі меймандар – Қарағандыдағы жұмыс беруші БАҚ басшылары,



25 жылда білім ошағынан түлеп ұшқан түлектер жүректарды лебіздерін айтып, ұлағатты ұстаздарын еске алып, сағынышқа айналған жылдардағы жып-жылы естеліктерімен бөлісті. Әсіресе, түлектер жалындаған жастық шағында журналист болуға баулыған марқұм Қуандық Шамахайұлы, Мағауия Сембай, Кәрім Сауғабай, Мартбек Тоқмырза сияқты тұғырлы тұлғалардан өшпес өнеге алғанын тебіреніспен айтты. Алматыдан арнайы келген түлектердің бірі, «Alatau-Aqparat» медиахолдингінің бас директоры Ержан Қалымбайұлы: «Қазір журналистер мемлекеттік сананың орнығуына, ақпараттық саланың дамуына қаламымен зор үлес қосып жүр. Әріптестеріміз елімізде ғана емес, шетелдерде де жемісті еңбек етуде. Біз Бөкетов университетінің түлегі екенімізді

әрқашан мақтан етеміз. Алдағы уақытта білімнің қара шаңырағынан білімді, білікті мамандар көп шығатынына сеніміміз мол» деген тамаша құттықтауын жеткізді. Жағымды жаңалықтың бірі – сол күні Е.Бөкетов университеті мен «Alatau-Aqparat» медиахолдингі арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Соның негізінде кафедраның студенттері медиахолдинг құрамындағы баслымдарда өндірістік тәжірибеден өтіп, оқуын тәмамдаған соң жұмысқа орналасуына жол ашылады.

Сонынан сөз тізгінін алған филология факультетінің деканы Елдос Түйте кафедра-түлектер-жұмыс беруші арасындағы үздіксіз байланысты орнатуға назар аударып, БАҚ басшылары алғыс хаттармен, естелік сыйлықтармен марапаттады. Форумның екінші бөлігі академик З.Тайшыбайдың және

ұлттық медианың өртүрлі саласында табысты еңбек етіп жүрген есімін ел білетін журналистердің шеберлік сабақтарымен жалғасты. Жиынның қорытынды бөлімінде сөз алған журналистика кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор, филология ғылымдарының кандидаты Жанар Рамазанова мерейлі үстем болған медиа ұстахананың 30 жылдық тойына келген меймандарға, өз әріптестеріне, студенттеріне алғысын айтып, жоғары оқу орны мен түлектер арасындағы ықыласты ынтымақтастықтың үзілмейтініне сендірді. Мейманамыз тасып, абыройымыз асқан күні ұшқан ұямызда қауышқан ұлағатты ұстаздарымызға, барша әріптестерімізге амандық-саулық, сәттілік пен табыс тілейміз!

Төлен ТІЛЕУБАЙ,
1999 жылғы түлек

ЖЕТИ АЛТЫН МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ

Мажарстан астанасы Будапеште көркем гимнастикадан 28-Gracia Fair Cup халықаралық турнирінде Астана қаласының көркем гимнастика құрамасы сәтті өнер көрсетті.



Турнирдің командалық сайысында (жекелеген бағдарлама) Астаналық «Созвездие» командасы алтыннан алқа тақты. Команда құрамында Еркежан Сағат, Әдия Амантаева, Радья Екатерина, Инкар Сатемирова, Аяулым Жәнібек, Аяулым Сұлтанбаева өнер көрсетті.

Жекелей сында өнер көрсеткен елордалық бұрымды гимнастшылар үздіктер қатарынан көрінді. Атап айтқанда, Айбота Ертайқызы доппен, ленталармен және ұршықпен өнер көрсетуде үздік танылып, 3 жаттығу бойынша алтын медаль алды. Эрика Жайлауова шығыршық жаттығуында чемпион атанды. Ал Ақмарал Ерекешова 4 бірдей жаттығу бойынша жүлдеге иілікті. Ол жекелей сында доппен және таспамен алтын медаль еншілесі, шығыршық пен ұршық жаттығуында күміс жүлдегер атанды.

Көпсайыста жерлестеріміз Айбота Ертайқызы мен Ақмарал Ерекешова күміс медаль және Эрика Жайлауова мен Дария Күшербаева қола медаль еншіледі.

Осылайша Астана қаласының гимнастшылары байрақты бәсекеде ел қоржынына 7 алтын, 4 күміс және 2 қола медаль салды.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2024 жылғы наурыздың үшінші онкүндігінде «Елордада мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырысты іске асыру барысы туралы» тақырыбына сессия өткізу жоспарлануда.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз. Тел.: 55-66-35, эл. пошта: astana@maslihat01.kz.

Е.КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

«Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі

Астана қаласы әкімдігінің «№14 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында Байқау кеңесі мүшелеріне іріктеу бойынша конкурстың басталғаны туралы хабарлайды. Денсаулық сақтау саласындағы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің:

1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;
2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;
3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Мынадай:
1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт конвертке салынып мөрленеді.

Конкурсты өткізу орны – Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 419-кабинет, 55-74-84.
Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2024 жылғы 26 ақпан.
Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2024 жылғы 26 наурыз.

#КЕРЕККЕҢЕС

ШЕТЕЛГЕ ШЫҒА АЛМАЙ ҚАЛМАҢЫЗ

Жақында Астана тұрғындарының бірі редакцияға телефон шалып, төленбеген салығының болуына байланысты ұзақ уақыт дайындалған шетелге саяхат сапарына бара алмай қалғанын айтып шағымданды.

Қазір бас қала тұрғындарының арасында шетелге іссапармен немесе саяхаттап шығатын азаматтар көп. Еліміз заңнамаларына сәйкес, кейбір азаматтардың шетелге шығуына шектеу қойылған. Ендеше шетелге шыға алмайтын адамдардың тізіміне түсіп қалмау үшін не істеу керек? Ел аттап сапар жетерде нені ескеру керек деген түйіндерді керек кеңес ретінде Астана тұрғындарының назарына сала кетуді жөн көрдік.



Шетелге шығар алдында, ең алдымен, жол құжаттарыңыздың дұрыстығын тексеріп алғаныңыз жөн. Әсіресе, паспорттағы тегіңіздің, атыңыздың, әкеңіздің атының (латын тіліндегі транслитерациясы да), туған күніңіз бен туған жеріңіздің, балаларыңыз туралы мәліметтердің, паспорттың аяқталу мерзімінің (паспорттың мерзімі сапар аяқталғаннан кейін кем дегенде 6 айға дейін жарамды болу керек) дұрыс жазылғанына көз жеткізіңіз.

Ең маңыздысы, сапарға шығардан бұрын сіздің шетелге шығуыңызға шектеу қойылып қалған жоқ па, сол мәселені айрықша ескерген жөн. Бұл – бәріміз үшін де маңызды дүние. Әйтпесе, шетелге шыға алмайтыныңды ұшаққа отырар кезде білу деген – азаптың азабы. Талай адам билетін алып, тур-жолдамасын рәсімдеп, түсетін

қонақүйін белгілеп қойып, шекарадан өте алмай қалған. Бірақ, борышкерді шекарадан аттап бастырмайтын бұл әдіс расында да қарызды өтеттіруге таптырмас құрал болып тұрғанын халықаралық тәжірибе де көрсетіп жүр.

Сонымен, сот орындаушысы қандай жағдайда шекара аттауға шектеу қоя алады? Ең бастысы, шектеудің бұл түрі Заңмен де шегеленген. Сол Заңға сәйкес борышкерге айналған жеке тұлға немесе заңды тұлғаның басшысы (оның міндетін атқарушы):

– атқарушылық құжаттағы 40 АЕК-тен асатын сома (147 680 т.) талаптарын орындамаған кезде;

– мерзімдік төлемдерді өндіріп алу туралы атқарушылық құжатты үш ай ішінде орындамаған кезде сот орындаушысы борышкердің ел аумағынан шығуын уақытша шектеу туралы қаулы шығаруға құқылы. Бұл арада атқарушылық құжаттағы сома да қарыз болып саналатынын ескерген жөн.

АТҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАРҒА НЕ ЖАТАДЫ?

- ✓ Салықтар;
- ✓ Айыппұлдар;
- ✓ Жолақы айыпұлдары;
- ✓ Алименттер;
- ✓ Коммуналдық қызметтер алдындағы берешек төлемдер;
- ✓ Сотқа дейін жеткен қарыздар.

Егер осы санаттарға кіретін қандай да бір өтелмеген қарызыңыз болса, сіз борышкер саналасыз. Сондай-ақ бұл тізімге 700 теңгеден бастап төленбеген шоттары бар және сот сол қарызды өндіру туралы қаулы шығарған адамдар да енгізілуі мүмкін.

Ендеше, қарыздың бар-жоғын алдын ала қалай тексеріп алуға болады? Оның үш жолы бар:

1. egov.kz порталы;
2. @EgovKzBot телеграм-боты;
3. eGov mobile қосымшасы.

Борышкерлердің тізімінен қалай шығу керек? Мұның ең дұрыс жолы – айыппұл, баж алымдары, алимент, коммуналдық қызмет сияқты басқа да қарыз түрлерін шетелге шығардан бұрын төлеп құтылу. Өйткені қарыз өтелгеннен кейін де істің өзіндік аяқталу процесі бар. Тиісті ақшасын төлеп, тізімнен «зып» етіп шыға қоям деп ойламаңыз. Себебі шекарадан шығуға берілген уақытша шектеу атқарушылық іс тоқтатылған соң ғана жойылады. Борышкерден атқарушылық санкциясы, орындаудағы шығындар, өсімпұл және жеке сот орындаушысының қызметіне төленетін ақы өндіріледі. Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңның 36-бабына сәйкес, атқарушылық іс тоқтатылған соң 3 күн ішінде сот орындаушысы борышкерді тізімнен шығару үшін тиісті ақпаратты мәжбүрлеп орындату департаментіне және шекара қызметіне жібереді. Содан кейін барып, шетелге шыға аласыз. Бұл – әрбір азамат ескеруге тиісті мәселе.



ШЫҒЫС ПЕН БАТЫСТЫ ТОҒЫСТЫРҒАН

Елордада ислам философиясы, Ислам-Батыс қарым-қатынасы тарихына қатысты түрік ғалымы, мемлекет және қоғам қайраткері дипломат Ибраһим Калынның «Мен, өзге және өзгесі» кітабының таныстырылымы өтті. Бұл – адамзаттың даму кезеңіндегі ислам дүниесі мен батыс әлемі арасындағы қалың қатпарлы, қалтарысы көп тарихтың түрлі аспектілеріндегі «мен» мен «өзге» арасындағы байланысты, келіспеушілік пен шиеленісті түсінуге тырысқан айтулы еңбек.

Айгүл
УАИС

Басылымының оқырмандарына жол бастаған салтанатты рәсіміне уақыттың тапшылығынан қатыса алмаған автор Түркиядан бейне әлемдеме жолдады. Ол еуроцентристік көзқарастан ада тұрып, Ислам мен Батыс өркениетінің тарихына жаңа көзқарас орнатуға болатынын осы кітап арқылы қазақ оқырмандарына жеткізгісі келетінін айтты. Ғылыми еңбекті қазақ оқырмандарына жеткізген Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-не қарасты Еуразия ғылыми-зерттеу институты болса, осы институтының аға ғылыми қызметкері Өмірбек Қанай қазақ тіліне тәржімасын жасаған. Жиынған қатысқан аталмыш университеттің Өкілетті кеңесінің төрағасы Мұхиттин Шімшек сөз сөйлеп, пікірін білдірді. Еңбектің маңыздылығына тоқталған Түркия Республикасының Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Мұстафа Капуджумен қатар ҚР Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы және Түркия – Қазақстан достық тобының төрағасы Нұртөре Жүсіп, сенатор Дархан Қыдырәлі қазақ-түрік байланысындағы көрші мемлекеттің орны туралы айтты.



Доктор әрі профессор Ибраһим Калынның бұл еңбегінде Ислам мен Батыс әлемнің 14 ғасырлық өзара қарым-қатынасына шолу жасай отырып, бір-біріне ықпал етуші екі әлемде қалыптасқан көзқарастарды бағалауға бағытталған және қоғамда қалыптасқан стереотиптерге қайта қарауға бастайды. Былайша айтқанда, үнемі кереғар, бір-бірін «жоққа шығарушы» саналатын екі кеңістіктің шын мәнінде ұзақ тарих бойында ұдайы әсерлесіп, бір тарап келесі тараптың өзін тануына ықпал етіп отырғанын сенімді дәлелдермен түсіндіруге тырысқан.

Автор арадағы маңызды қайшы-

лықтарға қарамастан Ислам мен Батыс өркениеті қақтығысуға міндетті емес деп қорытындылаған. Бірге өмір сүрудің төменгі шарты – әркім өз бетінше қалу арқылы ортақ игілікке келісу. Бірге өмір сүру этикасы мен мәдениеті қиын болғанымен, орындалмас мақсат емес. Ислам мен Батыс өркениеті «жақсылықпен жарысатын» (Маида, 48) аймақтық және жаһандық бейбітшілікке үлес қосып,

«Шығыс – шығыс, батыс – батыс әрқашан,

бұл екеуі тоғыспайды ешқашан. Бұл екеуі жер мен көктей басқаша, Тәңір өзі дәрегейінде қоспаса» деген Кишлинің қателігін дәлелдейтініне сенімді екенін білдіреді.

Ибраһим Калын – түрік ғалымы, мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат. Ислам тарихы, Батыс пен Ислам әлемі қарым-қатынасы, Түркияның сыртқы саясатына қатысты бірқатар ғылыми еңбектердің авторы. Түркия Республикасы Президентінің ресми өкілі, Президент жанындағы Қауіпсіздік және сыртқы саясат комитеті төрағасының орынбасары және Президенттің Бас кеңесшісі төрағасының орынбасары сынды бірқатар лауазымды қызметтер атқарған. Биыл мамыр айынан бастап Түркияның Ұлттық барлау қызметінің басшысы қызметін атқарып келеді.



Фото Игорь Бургантин

ТАБИҒАТ ПЕН ҮНДЕСКЕН

«Has Sanat» өнер галереясында белгілі қылқалам шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Көркем академиясының академигі Сейсенхан Маханбеттің «Табиғатпен үндесу» атты көрмесі ашылды. Аталмыш көрме ұлттық бейнелеу өнерінің алыптары Қазақстанның халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің және КСРО халық суретшісі Орал Таңсықбаевтың 120 жылдығына арналды.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Суретшінің негізгі мамандығы – журналист. Ол бірқатар басылымдарда қызмет істеп, кейінгі 15-20 жылда ғана бейнелеу өнеріне түбегейлі бет бұрды. Белгілі қаламгер, Парламент Сенатының әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп көрме иесімен абитуриент кезінде танысқанын, тіпті жатақхананың бір бөлмесінде жатқанын айтып, Сейсенхан Маханбеттің суретке деген талпынысы сол кезде басталғанын атап өтті. Бейнелеу өнеріндегі, суретшілердің тыныс-тіршілігіндегі түйткілдерге тоқталып, қазір Парламент тарапынан оларды шешу қолға алынып жатқанын жеткізді.

Парламент Мәжілісінің қорғаныс, халықаралық істер және қауіпсіздік комитетінің төрайымы Айгүл Сейділлақызы, белгілі ақын, Мәжіліс депутаты Қазыбек Иса, белгілі қылқалам шебері Ерлан Айтұаров, жазушы Айгүл Кемелбаева көрме иесінің шығармашылығы туралы сөз сөйледі. ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раевтың, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтаулары оқылды. Соңында Сейсенхан Маханбеттің өзі бейнелеу өнеріне қалай келгенін айтып, жиналғандарға алғысын жеткізді.

15 наурызға дейін жалғасатын көрмеге пейзаж жанрындағы 60-тан астам туынды қойылды. Онда жер жәннаты – Жетісу, кербез сұлу Жөкешетау, қасиетті Қаратау, Ерейментау, еліміздің басқа да өңірлерінің табиғаты бейнеленген.

ЖАНСҮГІРОВ САЙЫСЫНЫҢ ЖҮЙРІКТЕРІ

М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында «Хақ сөйле, қызыл тілім, адал сайрап» атты мәнерлеп оқудан қалалық сайыс өтті. Бұл іс-шара Астана қаласы әкімдігінің «Руханият» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен қазақтың ақиық ақыны, жазушы, драматург Ілияс Жансүгіровтің 130 жылдығына арналды.

Іс-шараның мақсаты: қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, қазақ әдебиетінің барлық жанрында қалам тербеген ардақты ақын, жазушы, драматург І.Жансүгіровтің шығармашылық мұраларын зерделеу. Тегеурінді қаламгер, марғасқа ақынның поэзия мен драмалық шығармаларын насихаттау арқылы талантты жастарды қолдау, халыққа таныту. Көркем туындылардың шоғырын дүниеге әкелген тау тұлғалы қайраткердің құнды ойлары мен өлмес өлеңдерін мәнерлеп оқу барысында құнарлы тіліміздің өрісін кеңейту, баба мұрасын қадірлейтін рухани дүниесі бай жастарды тәрбиелеу.

Бірінші кезең бойынша жастар ақынның өлеңін мәнерлеп жатқа оқып, екінші кезеңде І.Жансүгіровтің проза жанрындағы шығармаларына бейнелі көріністер көрсетіп, сахна өнерінің биіктігін, даралығын көрсеткен өздерінің актерлік шеберліктерімен



ерекшеленді. Сайыс шарттары бойынша 12 қатысушы өнер бәйгесіне түсті. Топты жарып, «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанған жұлдегерлер анықталып, оларға диплом, мадақтамалар табысталып, бағалы сыйлықтар берілді. Бас жүлдені Астана қаласы әкімдігінің

«Сервис және туризм колледжінің студенті Бекзат Оразгелді қанжығасына байласа, 1-орынды Астана халықаралық университеті педагогикалық колледжінің студенті Ақмаржан Әділхан иеленді. 2-орын Астана қаласы әкімдігі «Техникалық колледжінің» студенті Ақбота Балабай мен «Astana

IT University» ЖШС колледжінің студенті Демезжан Советқалиға бұйырды. 3-орын «Шипагер» медициналық колледжінің студенті Нұрсұлу Ахметоваға, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті колледжінің студенті Сезім Құрманәліге, Астана қаласы жоғары медициналық колледжінің студенті Аян Сәрсенбиге берілді. Сайыс ережесіне сәйкес қатысушыларға 5 арнайы жүлде де тағайындалды. С.Сейфуллин атындағы арнайы жүлде Қарақат Назмабаеваға, Б.Майлин атындағы арнайы жүлде Саят Сәрсенбекке Т.Рысқұлов атындағы арнайы жүлде Айқын Әшірханға, Ж.Аймауытов атындағы арнайы жүлде Ернұр Нұржанға, С.Қожанов атындағы арнайы жүлде Нұғман Қанжарбекке табысталды.

Айжан СЕРІКҚЫЗЫ,
Астана қаласы әкімдігінің «Руханият» мекемесінің баспасөз қызметінің жетекшісі

АҚЫНДЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Ұлттық академиялық кітапханада күрескер ақын Арман Қанидың 70 жылдығына арналған әдеби кеш өтіп, оған Ертіс-Баян өңірінің бір топ зиялылары арнайы келді. Тіпті Павлодардан рухани көш керуен келгендей сезіндік.



Павлодар облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Мәдет Тауасқан ұлтқа ортақ тұлғалар болатынын, Арман Қани сондай азамат екенін атады. 2024 жылы Павлодар өңірінде 30-ға жуық республикалық деңгейдегі рухани-мәдени іс-шаралар өтетінін, әсіресе тарихи тұлғалардың мерейтойларын жоғары деңгейде өткізуге мән беретіндіктерін атады.

Әдеби кеш аясында Арман Қанидың «Таңдамалы» жырларының тұсаукесері

өтіп, онда Мәжіліс депутаттары Жанарбек Әшімжан, Жақынбек Амантайұлы, Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері Ғалым Жайлыбай, Серік Ақсұңқарұлы естелік айтып, күрескер ақынның атажұрты Мәдиге, нағашы жұрты Жауа Мұсаға келіп тірелетін сөз етті. Әрі Арман Қани өмірден тектіліктің туын шықпай өтіп, қашанда ой қуатымен ерекшеленіп, атқарушы билікке өткір сөзін айтудан тайынған емес.

Арман Қанидың бейнесі мен бірегей болмысын жырға қосқан ақындар «Толқын-толқын жыр туар бізден кейін» атты республикалық жыр мұшайрасына қатысты. Өлең жарысында дараландар әдеби кеште марапатталды.

– Арман ағамыздың өзі арамызда болмаса да бірде қызыл түлкен боп лапылдайтын, бірде ақ түтек боран боп соғатын жырлары жадымызда мәңгі жасайды. Тұтастай Ертіс-Баян өңірі жоқтатпайды. Күрескер ақын Арман Қанидың шығармашылық өмірі іздеушілері барда жасай береді, – деді павлодарлық қаламгер Жұмабек Сманов.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Шеф-редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №23

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Нұрлат БАЙГЕНЖЕ